

**Павлодар облысының білім беру басқармасы «Жас Дарын»
мамандандырылған мектеп лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Білім беру ұйымының
мемлекеттік аттестаттауы**

(2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары)

Мазмұны

- I. «Павлодар облысының білім беру басқармасы «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы сипаттамасы
- II. Кадрлық қамтамасыз етуді талдау. Нәтиже.
- III. Контингент
- IV. Оқу-әдістемелік жұмыс
- V. Оқу-материалдық активтер
- VI. Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры
- VII. Білім алушылардың білімін бағалау
- VIII. Оқу процесіне қатысушылар сауалнамасы
- IX. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
- X. Қорытындылар мен ұсыныстар.

I. «Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі 125 ғимарат, Астана көшесі 127 ғимарат.

Телефон: 8(7187) 61-81-32.

Электрондық пошта мекенжайы: gasdaryn@edu.mail.kz

Білім беру ұйымының сайты: jasdarynpvl.edu.kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жанғазы Гүлнар Садыққызы (Павлодар облысы білім беру басқармасы 2019 жыл 3 желтоқсан №2- 05/72)

«Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Павлодар облысының білім беру басқармасының заңды тұлға мәртебесі бар білім беру ұйымы білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін, мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында.

Мемлекеттік мекеменің түрі: Павлодар облысы әкімінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 223/3 қаулысымен мектеп-лицей мәртебесі берілді.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Павлодар облысының білім беру басқармасының

«Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Келесі құрылтай құжаттары бар (көшірмелері қоса беріледі):

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.
 2. Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия және қосымшасы
 3. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама
 4. Білім беру ұйымының жарғысы.
 5. Басшысын тағайындау туралы бұйрық.
 6. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды.
 7. Мектеп ғимаратының және спорт залының техпаспорты (Астана 125)
 8. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт.
 9. Білім беру ұйымын қайта атау туралы қаулы.
 10. Медициналық кабинет лицензиясы
 11. Меншік иесі туралы мәліметтер (Астана 127)
 12. Жер актісі (Астана 127)
 13. Техпаспорт (Астана 127)
 14. Білім беру саласындағы меншік мәселелері туралы бұйрық (Астана 127)
- Білім беру ұйымдарының қызметі мен ішкі тәртіп ережелерін реттейтін құжаттар да бар.

Бағыты:жаратылыстану-математикалық.

II. Кадрлық қамтамасыз етуді талдау.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Қызметкерлерді қабылдау Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 бұйрықтың негізінде жүзеге асырылады. ҚР ЕК-не сәйкес жұмысқа қабылданған барлық педагогпен еңбек шарттары жасалды.

Мектептің педагогикалық кадрының сандық құрамы сұранысқа қарай анықталады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылдары	барлығы	«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты
2022-2023	43	8 (18,6%)	18 (41,9%)	2 (4,6%)	7 (16,2%)	8 (18,6%)
2023-2024	46	9 (20%)	14 (30%)	3 (7%)	6 (13%)	14 (30%)
2024-2025	45	7(15,5%)	16(35,5%)	6(13,3%)	7 (15,5%)	9(20%)

Соңғы 3 жылдық көрсеткіштің салыстырмалы кестесін байқайтын болсақ, педагогтер өз мерзімінде уақытылы біліктілік санаттарын жоспарлы түрде аттестаттаудан өтіп, сәйкесінше біліктілік санаттарын арттырып, растап отыратыны байқалады. Мектеп – лицей ұжымының 50%-ы жоғары біліктілік санатты екені анықталды. Талаптарға сәйкес.

Мектеп педагогтерінің саны 45 адамды құрайды, барлығының білімі жоғары, 100%.

Мектеп-лицей басшысы Жанғазы Гүлнар Садыққызы – I санатты (көшбасшы) басшы, білім беру басқармасының 2023 жылғы 29 тамыздағы №2-02/442 бұйрығы.

Курс бойынша

Жанғазы Гүлнар Садыққызы- мектеп-лицей басшысы:

- 03.02-4.02.2025 жыл, Павлодар қаласы - ПШО «Білім берудегі менеджмент» - 80 сағат сағат;
- 01.12.2023 жыл, Павлодар қаласы - «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» орталығы «Орта білім беру ұйымдарында кәмететке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу» - 36 сағат;
- 22.04.2022 жыл, Астана қаласы -ПШО, «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» - 430 сағат;

Альменова Жұлдыз Кантаевна- оқу ісі жөніндегі басшы орынбасары

- 26..09-07-10.2022 жыл, Алматы,Өрлеу, «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» - 80 сағат;

Шаймерденова Алия Турсуновна - ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі басшы орынбасары

- 26..09-07-10.2022 жыл, Алматы,Өрлеу, «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» - 80 сағат;

Асаинова Жұлдуз Сериковна- тәрбие ісі жөніндегі басшы орынбасары

- 03.02-4.02.2025 жыл, Павлодар қаласы - ПШО «Білім берудегі менеджмент» - 80 сағат сағат;
- 20.10.2023жыл, Павлодар қаласы, «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» орталығы «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» -40 сағат;
- 29.09.2023 жыл, Павлодар қаласы - «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» орталығы «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» - 40 сағат;

Шайхимов Айдар Абылаевич- ақпараттандыру жұмысы жөніндегі басшы орынбасары

- 03.02-4.02.2025 жыл, Павлодар қаласы - ПШО «Білім берудегі менеджмент» - 80 сағат сағат;

Кайдарова Лаура Сартаевна – басшының дарынды оқушылармен жұмыс жөніндегі орынбасары

- 03.02-4.02.2025 жыл, Павлодар қаласы - ПШО «Білім берудегі менеджмент» - 80 сағат сағат;

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
педагогтер	43	46	45
пайыздық	100%	100%	100%

Лицей педагогтерінің біліктілік арттыру курсынан өткендері жайлы мәлімет

№	Педагогтің аты - жөні	Соңғы 3 жылда өткен біліктілікті арттыру курсы	
		Мерзімі, орны	Тақырыбы
1	Жанғазы Гүлнар Садыққызы	Өрлеу, 15.04-26.04.2024	«Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературыЯ2»
2	Альменова Жулдыз Кантаевна	Өрлеу, 24.04.-05.05.2023.	«Развитие предметных компетенций русского языка и литературы для качества преподавания в 10-11 классах»
3	Асаинова Жулдуз Сериковна	Өрлеу, 03-14.10.2022. Өрлеу, 16.09-27.09.2024	«Жаһандық құзыреттілік" "Эмоционалдық интеллект-педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы»
4	Кайдарова Лаура Сартаевна	Өрлеу, 11.05-20.05.2022.	«География пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі»
5	Шаймерденова Алия Турсуновна	Өрлеу, 05.08-16.08.2024.	«Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»
6	Шайхимов Айдар Абылаевич	Өрлеу, 21.10-01.11.24.	«Python бағдарламалау тілін оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі»
7	Абдрахманова Фарид Есимхановна	Өрлеу, 30.05-10.06.2022.	«Развитие профессиональных компетенций учителей химии»
8	Алибеков Мурат Сабирович	Өрлеу, 15.08-26.08.2022.	«Химия пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптарға арналған қиын тақырыптар»

9	Альназирова Диана Каиркелдиевна	Өрлеу, 15.08- 26.08.2022.	«5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы шеңберінде күрделі тақырыптар бойыншамағылшын тілі пәні мұғалімдерініңпәндік құзыреттілігі»
10	Арынгазина Асель Муратовна	ПШО, 10.02- 21.02.2025	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі»
11	Аханбаева Санугуль Ермуратовна	ПШО, 27.01- 07.02.2025	« Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі»
12	Баянова Самал Еркиновна	Өрлеу, 11.05- 20.05.2022.	«География пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»
13	Базарбай Төлеш Төлегенқызы	1.Өрлеу, 24.05- 05.05.2023. Ақысыз. 2.19.08-29.08.2024.	1. «5-9 сыныптардағы информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту» 2. «Робототехника және STEM-білім беру»
14	Баймуханова Дана Қуандыққызы	ПШО, Астана 12.09-23.09.2022.	«Мектептегі математика сабағ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»
15	Даулбаева Камила Муратовна	ПШО, 02.02.2024	«Ағылшын тілі» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
16	Дуан Әйгерім Жанатқызы	ПШО, 03.02- 14.02.2025	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі»
17	Ескендинова Майса Тусуповна	ҰҒПДТО, 30.10- 10.11.2023.	«Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру»
18	Жанабек Иран Қайратұлы	Өрлеу, 15.04- 26.04.2024.	«Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер»
19	Жумадильдин Нурболат Еламанович	01.08-12.08. 2022.	«Тарих пәні мұғалімдерінің құзыреттіліктерін дамыту (5-9 сыныптар)»
20	Жұмали Мизан	Өрлеу, 02.09- 13.09.2024.	«Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
21	Ильсова Гульмира Раушановна	Өрлеу, 24.04- 05.05.2023.	«Развитие предметных компетенций учителя английского языка в рамках изучения сложных тем 10-11 классов»
22	Исабаева Зарина Нурлановна	ПШО, 30.09- 11.10.2024 ПШО, 21.10- 01.11.2024	«Жаһандық құзыреттіліктер» «Мектептегі тарих сабақтары:басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»

23	Итемгенов Бахтыбек Упышович	Өрлеу, 02.09- 13.09.2024.	ББМЖЖ тарих пәні мұғалімдерінің талдау және зерттеушілік дағдыларын дамыту
24	Кабылова Айслу Мажитовна	Өрлеу, 23.05- 03.06.2022.	"Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"
25	Казангапов Аблайхан Кажымуратович	ПШО, 02.02.2024	"Ағылшын тілі" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту
26	Кожагельдинова Гульназы Нигиметовна	Өрлеу, 04.04- 15.04.2022.	Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту
27	Куставлетова Айгуль Баяновна	Өрлеу, 21.10- 01.11.2024.	Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы
28	Кулмаханова Карлыгаш Жолдаспековна	Өрлеу, 21.08- 01.09.2023.	"Развитие профессиональной компетенции старших вожатых в организациях образования"
29	Қалым Гульжазира Муратбековна	1. Өрлеу, 24.04.- 05.05.2023 2. Өрлеу. 19.08- 29.08.2024	1."Химия пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 7-9 сыныптардың қиын тақырыптары" 2."Химияны оқытудағы инновациялар мен заманауи технологиялар"
30	Момынов Куат Мырзатаевич	Өрлеу, 05.09- 16.09.2023.	"5-9 сыныптардағы информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімдерінің әндік құзыреттіліктерін дамыту"
31	Нурдильдина Роза Рыскалиевна	ПШО, 03.02- 14.02.2025	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі»
32	Омарова Қымбат Ораловна	Өрлеу, 23.10- 03.11.2023.	"5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту"
33	Омарова Асель Уалиденовна	1. "Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты" КЕ АҚ 2. "Атамекен" 3. ПШО, 15.04.2022 4. Өрлеу. 19.09- 30.09.2022. 5. Өрлеу 07.03.2024	1. "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар. 2. "Кәсіпкерлік және бизнес" пәні бойынша 3. "Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап. 4. Жаһандық құзыреттілік. 5. "Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу"
34	Смагулова Сания Сериқовна	Өрлеу, 13.01- 24.01.2025	«Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдімтемелер»
35	Семёнова Диана Болатовна	Өрлеу, 26.06- 05.07.2023.	5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту"

36	Серикхан Жанал	ПШО, 12.04.2024 Өрлеу 19.02.- 23.02.2024	«Математика мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»
37	Сыпатаев Ермурат Валериевич	ҰҒПДТО, 3.10- 14.10.2022.	«Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру»
38	Сырттанова Айнаш Токтархановна	Өрлеу, 24.04- 05.05.2023.	«10-11 сыныптарда "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" (Т1) пәні бойынша педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту»
39	Текенов Арыстан Анатольевич	Өрлеу, 07.08- 18.08.2023.	«10-11 сыныптар математика курсының күрделі тақырыптарын оқытуда математика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»
40	Темірғалы Қызғалдақ Медігатқызы	ПШО, 30.10.23 - 10.11.23 ПШО, 02.09- 13.09.2024	1. «Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету» 2. «Эмоционалды интеллект-педагогтердің кәсіби міндеттерін шешу құралы»
41	Тологони Канипа	Өрлеу, 11.03- 20.03.2024.	«Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру»
42	Тұрғанбай Әсел Оразбекқызы	1. Өрлеу, 05.08- 16.08.2024. 2. Өрлеу, 21.10- 01.11.2024	1. «Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту» 2. «Білім алушыларды рефлексивті ойлауға үйрету»
43	Уақбаев Акан Манатович	ҰҒПДТО, 13.10.2023	Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту
44	Унайбаева Замзагуль Казбековна	Өрлеу, 12.06- 23.06.2023	«Биология пәні бойынша педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту 10-11 сыныптардың күрделі тақырыптары»
45	Шайхимова Айым Муратовна	Өрлеу, 07.08- 18.08.2023	«Развитие предметных компетенций учителей физики. Трудные темы 7-9 классов»

Облыстық және республикалық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	2022-2023		2023-2024		2024-2025		
			Облыс	Республика	Облыс	Республика	Облыс	Республика	Халықаралық
1	Жанғазы Г.С.	орыс тілі және әдебиет	2		1		3	1	
2	Абдрахманова Ф.Е	химия	4		1	3	2		

3	Алибеков М.С.	химия	1						
4	Альменова Ж.К.	орыс тілі және әдебиет	1				2		
5	Альназирова Д.К.	ағылшын тілі							
6	Асаинова Ж.С.	психология							
7	Аханбаева С.Е.	қазақ тілі және әдебиет	4	3	6	1			
8	Баянова С.Е.	география	11	2	6	2	4	1	
9	Даулбаева К.М.	ағылшын тілі	7		1		6		
10	Смагулова С.С.				2		2		
11	Жанабек И.Қ.	математика			4	1	1		
12	Исабаева З.Н.	тарих					5		
13	Итемгенов Б.У.	тарих	5		3		4		
14	Ильясова Г.Р.	ағылшын тілі			3	1			
15	Кабылова А.М.	қазақ тілі және әдебиет	5	1	7		4		
16	Казангапов А.К.	ағылшын тілі	4				3		
17	Кайдарова Л.С.	география			2	1	3		
18	Кожгельдинова Г.Н.	математика	1	1	3		1	1	
19	Куставлетова А.Б.	орыс тілі және әдебиет	7		8	2	3	1	
20	Қалым Г.М.	химия	2	1	2		2		
21	Момынов К.М.	информатика	4		4		4		
22	Нурдильдина Р.Р.	физика					1		
23	Омарова К.О.	математика	6	1	8		1	1	2
24	Сырттанова А.Т.	қазақ тілі және әдебиет	6	1	6	1	7		
25	Текенов А.А.	математика	2			1	2	1	
26	Тұрғанбай Ә.О.	биология				3	1		
27	Унайбаева З.К.	биология					1		
28	Шаймерденова А.Т.	қазақ тілі және әдебиет				5	5		
29	Шайхимов А.А.	информатика	1			1	2		
30	Шайхимова А.М.	физика	6			3			
31	Канипа Т.	технология							

32	Батаева К.К.	француз	2	1	2	1	2	1	
32	Дуан Ә.Ж.						1		
33	Жұмали М						1		
34	Жумадильдин Н.Е.				2				

III. Білім алушылардың контингенті

Оқушылардың сабақ режимі:

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 5-11-сыныптар - бес күндік оқу. Сабақтың ұзақтығы-45 минут. Сабақтың басталуы 1 ауысым сағат 8.20-да.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы (оқу жылының соңына)

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы

Оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	Динамика	2024-2025 оқу жылы	Динамика
Оқушылар контингенті	373	393	+20	396	+3

Сыныптардың толықтығы туралы мәлімет

	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
	сынып саны	оқушы саны	сынып саны	оқушы саны	сынып саны	оқушы саны
5 сынып	3	72	3	72	3	72
6 сынып	3	69	3	74	3	74
7 сынып	2	49	3	67	2	48
8 сынып	2	45	2	48	3	72
9 сынып	2	44	2	47	2	49
10 сынып	2	47	2	43	2	38
11 сынып	3	47	2	42	2	43
Жалпы	17	373	17	393	17	396

Оқу сатылары	2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы		
	саны		Орташа толымдығы	саны		Орташа толымдығы	саны		Орташа толымдығы
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Негізгі мектеп	292	12	24,3	318	13	24,5	315	13	24,23
Орта мектеп	99	5	19,8	89	4	22,25	81	4	20,25
Мектеп бойынша барлығы	391	17	23	407	17	23,94	396	17	23,29

Білім алушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директордың қолымен және мектеп мөрімен расталып, білім алушының жеке іс қағазымен беріліп отырды.

3 жылғы оқушылар қозғалысы туралы мәлімет

Оқу жылы	Оқу жылының басында	Келген оқушылар саны	Кеткен оқушылар саны	Оқу жылының соңында
2022-2023 оқу жылы	391	1	19	373
2023-2024 оқу жылы	407	6	20	393
2024-2025 оқу жылы	399	5	8	396

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді:

- ҚР «Білім туралы» Заңы (28,43 б)
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен еңгізілген өзгерістерінің 63, 67-қосымшалары).
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығы

негізінде саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша 10-11 сыныптарда аптасына 4 сағат есебінен бейіндік оқытуға беріледі.

2022-2023, 2024-2024, 2024-2025 оқу жылдарында 5-9 сыныптарының жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша мамандандырылған компонент 5-6-сыныптарда математика (7-9 сыныптарда – алгебра, геометрия), жаратылыстану, физика, информатика, химия, биология пәндерін тереңдетіп және кеңейтіп оқытуға берілді. Сонымен қатар, 6-сыныптрада ағылшын тіліне қосымша 1 сағаттан қосылды.

10-11 сыныптарының жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша мамандандырылған компонент алгебра және анализ бастамалары пәнін тереңдетіп оқытуға берілді. Сонымен қатар, оқушылардың таңдауы бойынша бейіндік пәндер еңгізілді:

10а, 11а-сыныптарда «Физика», «Математика» пәндері, 10ә және 11ә сыныптарында – «Химия», «Биология» пәндері таңдалған.

Жалпы білім беретін пәнер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2022-2023 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінділер	Үлгерушілер	Үлгермеушілер	Білім сапасы %	Оқу үлгерімі %
5 «А»	24	12	11	1	0	96	100
5 «Ә»	24	8	16	0	0	100	100
5 «Б»	24	6	15	3	0	88	100
6 «А»	24	10	14	0	0	100	100
6 «Ә»	22	7	13	2	0	91	100
6 «Б»	23	4	19	0	0	100	100
7 «А»	23	5	17	1	0	96	100
7 «Ә»	26	5	15	6	0	77	100
8 «А»	24	2	20	2	0	92	100
8 «Ә»	21	5	15	1	0	95	100
9 «А»	21	11	9	1	0	95	100
9 «Ә»	23	3	17	3	0	87	100
10 «А»	25	8	15	2	0	92	100
10 «Ә»	22	7	13	2	0	92	100
11 «А»	16	6	10	0	0	100	100
11 «Ә»	14	7	7	0	0	100	100
11 «Б»	17	3	13	1	0	94	100

Жиыны:

- Оқу үздіктері – 109 (29%);
- Екпінділер – 239 (64%)
- Үлгерушілер – 25 (7%).

2023-2024 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінділер	Үлгерушілер	Үлгермеушілер	Білім сапасы %	Оқу үлгерімі %
5 «А»	24	13	11	0	0	100	100
5 «Ә»	24	14	10	0	0	100	100
5 «Б»	24	7	15	2	0	91,7	100
6 «А»	25	11	11	3	0	88	100
6 «Ә»	25	8	16	1	0	96	100
6 «Б»	24	7	16	1	0	96	100
7 «А»	24	9	15	0	0	96	100
7 «Ә»	24	2	18	4	0	83,3	100
7 «Б»	19	0	17	2	0	89,5	100
8 «А»	24	8	12	4	0	83,3	100
8 «Ә»	24	9	14	1	0	95,8	100
9 «А»	23	1	19	3	0	87	100
9 «Ә»	24	7	13	4	0	83,3	100
10 «А»	22	10	9	3	0	86,4	100
10 «Ә»	21	10	11	0	0	100	100
11 «А»	24	8	16	0	0	100	100
11 «Ә»	18	7	11	0	0	100	100

Жиыны:

- Оқу үздіктері –131 (33,3%), алдыңғы оқу жылында - 109 (29%);
- Екпінділер – 234 (59,5%), алдыңғы оқу жылында - 239 (64%)
- Үлгерушілер («3»-і бар оқушылар) – 28 (7%), алдыңғы оқу жылындағыдай.

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығының оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінділер	Үлгерушілер	Үлгермеушілер	Білім сапасы %	Оқу үлгерімі %
5 «А»	24	5	17	2	0	91,7	100
5 «Ә»	24	5	16	3	0	87,5	100
5 «Б»	24	11	9	4	0	83,3	100
6 «А»	25	6	16	3	0	88	100
6 «Ә»	25	5	19	1	0	96	100
6 «Б»	24	6	13	5	0	79,2	100
7 «А»	24	1	16	7	0	70,8	100
7 «Ә»	24	6	12	6	0	75	100
8 «А»	24	4	12	8	0	66,7	100
8 «Ә»	24	0	15	9	0	62,5	100
9 «А»	25	4	12	8	0	66,7	100
9 «Ә»	24	3	15	6	0	75	100
10 «А»	22	4	12	3	0	89	100
10 «Ә»	21	2	11	5	0	72,2	100
11 «А»	24	10	10	2	0	91	100
11 «Ә»	18	6	15	0	0	100	100

Жиыны:

- Оқу үздіктері – 78 (20%).

- Екпінділер – 230 (58%).
- Үлгерушілер («3»-і бар оқушылар) – 86 (21,7%).


Сыныптар бойынша білім сапасының 3 жыл көрсеткіштері (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 – I жартыжылдық):

	5а	5ә	5б	6а	6ә	6б	7а	7ә	8а	8ә	8б	9а	9ә	10а	10ә	11а	11ә
2022-2023 оқу жылы							96	100	100	91		96	77	92	95	95	87
2023-2024 оқу жылы				100	100	92	88	96	100	83	90	83,3	95,8	87	83	86	100
2024-2025 оқу жылы	91,7	87,5	83,3	88	96	79,2	70,8	75	66,7	62,5	41,7	66,7	75	89	72,2	91	100

2022-2023 оқу жылының қорытындыларын 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда оң динамика көрсеткен сыныптар: 9ә сынып +8,8% және 11ә сынып +13%. Сынып жетекшілері Кабылва А.М., Омарова А.У.


2024-2025 оқу жылының 1-жартыжылдығының көрсеткіштері 2023-2024 оқу жылының қорытындыларынан төмен, бірақ өткен оқу жылының I жартыжылдығымен салыстырғанда бә, 9а, 9ә, 10а, 11а, 11ә сыныптарда білім сапасының жоғарлағаны анықталады.

2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылында оң динамика көрсеткен сыныптардың диаграммасы:



Сынып жетекшілері: Жилгельдинова К.Д., Кабылова А.М., Омарова А.У., Сыпатаев Е.В., Кайдарова Л.С.

2023-2024 оқу жылында 8Ә сыныптың айтарлықтай оң динамикасын ерекше атап өткен жөн – 18,8%-ға жоғарлады, сынып жеткшісі Кабылова А.М.



Кесте мен диаграммадан көрсетілгендей 5 сыныпта оң динамика болса, 8 сынып кері динамика. Оның ішінде 8a сыныптың білім сапасы айтарлықтай 12,8%-ға төмендеген, сынып жетекшісі Омарова К.О.

3 жылдағы оқу сатылары бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Оқу сатылары	2022/2023 оқу жылы		2023/2024 оқу жылы		2024/2025 оқу жылы (I жартыжылдық)		Динамика (2022-2023 – 2023-2024 оқу жылдарының көрсеткіштерін салыстырғанда)
	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	
5-9 сыныптар	279	92,8	308	91,8			-1
10-11 сыныптар	94	94	85	96,5			+2,5
5-11 сыныптар	373	93	393	93			-

2022-2023 оқу жылы мен 2023-2024 оқу жылының білім сапасының нәтижеслерін салыстырғанда, айтарлықтай өзгеріс жоқ. 10-11- сынып оқушыларының білім деңгейі шамамен 2%-ға жоғарлады. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығын 34 оқушы бір «3»-пен аяқтады, 35 оқушымен жеке қосымша сабақтар ұйымдастырылып, озат оқушылар резервіне алынды. Болжаммен, оқу жылының соңында білім сапасы 95% құрастырады.

2024-2025 оқу жылының I-жартыжылдығының соңында 5 - 9 сыныптарда білім алған кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары "5", 10-11-сыныптар аралығында білім алу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары "5" болған жағдайда жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатының үміткерлері: Айдарбеков Ансар, Каримбергенова Адия.

10 - 11 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5» болған 11 сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі. Ағымдағы оқу жылында осы талаптарға сай 18 үміткер: Анарбеков Ернар, Қусаинова Мадина, Ғаллам Әділбек, Берекелі

Айша, Қадырхан Ділнәз, Қуан Малика, Рахимжанов Азимхан, Сайран Момыш, Шарифат Нұрәли, Бейсебаева Камила, Дәуреш Мансура, Есбулатова Аяри, Кудашева Молдир, Қаирбек Аяна, Құдайбердынова Айым, Майдан Ирадат, Марат Альмира, Мұхамедқали Мәрбан.

5-9 сыныптарда қу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған 9-сынып оқушылары негізгі орта білім туралы үздік аттестат үміткерлері: Қабдылмен Елдана, Қаирбек Нұрай, Сарыбай Жанерке, Амангелді Мерей, Аубакирова Камила, Қабылбек Іңкәр, Нурумова Адина.

Тоқсанды «4» пен «5» аяқтаған озат оқушылар саны – 230 (58,4%), 1-тоқсанда 217 (55,4%).

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығының сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіші:

	5a	5ә	5б	6a	6ә	6б	7a	7ә	8a	8ә	8б	9a	9ә	10a	10ә	11a	11ә
1-тоқсан	96	100	88	88	88	83	63	50	79	79	39	67	79	79	61	82	91
2-тоқсан	91,7	87,5	83,3	88	96	79,2	70,8	75	66,7	62,5	41,7	66,7	75	89	72,2	91	100
Динамика	-3,3	-12,5	-4,7	-	+8	-3,8	+7,8	+25	-13,7	-17,2	+2,7	-0,3	-4	+10	+11	+9	+9

90%-дан жоғары сапа көрсеткен сыныптар:

100%	96%	91%
11ә	9ә	5a, 11a

Оқу жылының қорытындылары бойынша сапаны талдау

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	Динамика	2024-2025 оқу жылы (I жартыжылдық)
Оқушы саны	373	393	+20	396
Үздіктер саны	109	131	+22	78
Екпінділер саны	239	234	-5	230
Сапа %	93%	93%	-	78%

2023-2024 оқу жылында 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда оқушы саны көбейгенмен, білім сапасы бір деңгейде сақталды. Айтарлықтай көрсеткіш - үздік оқушылардың саны көбейді. 2024-2025 оқу жылында оқушы саны +3-ке көбейді.

3 жылдағы пәндер бойынша оқу сапасын салыстырмалы талдау

Пәндер атауы	Білім сапасы				
	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	динамика	2024-2025 оқу жылы (I жарты-жылдық)	динамика
Қазақ тілі	98,1	95,4	-2,7	97,2	+1,8
Қазақ әдебиеті	97,6	96,2	-1,4	97	+0,8
Орыс тілі мен әдебиеті	100	99,5	-0,5	99,5	-
Ағылшын тілі	99	99	-	96,4	-2,6
Қазақстан тарихы	99	99	-	97	-2
Математика (алгебра)	96,5	96,2	-0,3	89,3	-6,9
Геометрия	95	95,1	+0,1	86,3	-8,2
Физика	97	98,8	+1,8	89,5	-9,3
Химия	98,3	99,2	+0,9	100	+0,8
Биология	99	97,1	-1,9	99,5	+1,7
География	98,7	97,7	-1	93,4	-4,3
Информатика	99	100	+1	99,3	+0,3

ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде оқыту

«Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде информатика, физика, биология және химия пәндері ағылшын тілінде ішінара оқыту енгізілген.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінен сағаттар бөлінген.

2022-2023 оқу жылында ағылшын тілінде оқытылған пәндер:

Пән	Атауы	Сыныптар	Оқушы саны	Мұғалім
Биология	«Basics of biology in English»	10ә, 11ә	36	Қисап А.С.
Информатика	«Ақпараттық үдерістегі сандық дағдылар»	8ә, 9ә, 10а	69	Бекжан Н.Ғ.
Химия	«Химия ұғымдары ағылшын тілінде»	7а, 7ә	49	Абдрахманова Ф.Е.
Физика	«Физика ағылшын тілінде кейс блогы арқылы есептер шығару»	8а, 9а, 11а	61	Шайхимова А.М.
Барлығы:			215 оқушы (57,6%)	

2023-2024 оқу жылында ағылшын тілінде оқытылған пәндер:

Пән	Атауы	Сыныптар	Оқушы саны	Мұғалім
Биология	«Basics of biology in English»	10ә, 11ә	40	Қрықбай Ә.С.
Информатика	«Ақпараттық үдерістегі сандық дағдылар»	8а, 8ә, 11а	72	Базарбай Б.Т.
Химия	«Химия ұғымдары ағылшын тілінде»	9ә, 10ә	46	Абдрахманова Ф.Е.
Физика	«Физика ағылшын тілінде кейс блогы арқылы есептер шығару»	9а, 10а	44	Шайхимова А.М.
Барлығы:			202 оқушы (51,4%)	

2024-2025 оқу жылында ағылшын тілінде оқытылған пәндер:

Пән	Атауы	Сыныптар	Оқушы саны	Мұғалім
Биология	«Basics of biology in English»	8ә, 10ә	64	Унайбаева З.К.
Информатика	«Ақпараттық үдерістегі сандық дағдылар»	9а, 9ә	49	Момынов К.М.
Химия	«Химия ұғымдары ағылшын тілінде»	10ә, 11ә	40	Абдрахманова Ф.Е.
Физика	«Физика ағылшын тілінде кейс блогы арқылы есептер шығару»	10а, 11а	41	Дуан Ә.Ж.
Барлығы:			194 оқушы (49%)	

«Физика ағылшын тілінде кейс блогы арқылы есептер шығару». Пән мұғалімі Шайхимова А.М.

Физика пәнінің ағылшын тілінде Шайхимова А.М. оқытады. Білім алушыларды терминологиямен таныстыру мен тәжірибелік тапсырмаларды (есептерді) шығару жұмыстары жүргізілді. Сабақтар Астана-кітап «Physics 9-10 - Grade» оқулықтары арқылы өткізілді. Bilimland, smk.kz, ustaz.kz сайттарын қолданады. Альтернативті оқулық ретінде Physics (Michael O’Callaghan, Pat Doyle) оқулығын қолданады. Өз білімімді жетілдіру үшін ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінің сабақтарына қатысып жүреді. Көптілділік бойынша, түрлі іс-шаралар өткізді.

Оқу үрдісінде ойын - оқытудың әрі формасы, әрі әдісі де болып табылады, сол себепті ойын әрекеті оқытушы мен оқушының іс-әрекетінің бірлескен, құрамдас бөлігі. Физика ағылшын тілінде сабақтарында, білім алушыларымыз төрт дағдыны да қамтиды. Жылдық көрсеткіштер бойынша білі алушылардың үлгерімі жоғарлады. Білім алушылар қосымша ағылшын тілі орталықтарына барып, физика пәні сабақтарында өздерінің тілдік байланыстарын жетілдіреді. Физика пәнін ағылшын тілінде оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Оқу процессінде пайда болған жағдаяттардың шешу жолдары: қосымша жаттығулар дайындап, кейске жинау, пәндік термин сөздердің қорын құрастыру, белсенді әдістерге сай келетін тапсырмалар жиынтығын құрастыру.

«Basics of biology in English (Биология ағылшын тілінде)». 2023 жылы Торайғыров университетінде биология пәнін үш тілде беру құқығы бар дипломмен аяқтады.

Оқушылардың бастапқы білім сапасын көру және білім траекториясын құру мақсатында кіріспе тест жұмыстары алынды. Оқушылардан оң динамика жұппен жұмыс жасағанда байқалды. Оқушылар бір-біріне сыни сұрақтар қойып, бірлесе орындаған жобаларын әр сабақта қорғап отырды. Бұл сапада оң динамиканы көрсетті. Әр сабақ сайын оқушылар жеке жұмыс ретінде тақырып бойынша терминдерді ауызша,

жатқа тапсырады. Бұл оқушылардың «Биология» пәні бойынша ағылшынша терминдер қорын толтырды.

Сабақтар Астана-кітап баспасы «Biology 10 - Grade», «Biology 11 - Grade», оқулықтары арқылы өткізіледі. Bilimland, smk.kz сайттары қолданылады. Осы аталған сыныптардың, жалпы білім беру стандартына негізделген, оқу бағдарламасы құрастырылған.

«Ақпараттық үдерістегі сандық дағдылар (ағылшын тілінде)» Информатика пәнінің мұғалімі: Момынов К.М.

Алғашқы білім беру траекториясын құру мақсатында, алынған тест қорытындысы орташа болып, сапа 86% құрады. Жылдың соңында сапа пайызы жоғары нәтиже көрсету үшін жұмыс жасалды. Сабақтарда “IT”, “CLIL” технологияларын, Informatics-AstanaKitap кітабын және Bilimland, smk.kz, ustaz.kz сайттарын қолданылды. Осы аталған сыныптардың, жалпы білім беру стандартына негізделген, оқу бағдарламасы құрастырылған. Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жекебас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсаты көзделіп отыр. Сабақта баланың қызығушылығын ояту үшін әртүрлі ойын тәсілдерін қолдану. Әртүрлі қосымша тапсырмаларды беру.

«Химия ұғымдары ағылшын тілінде» факультативы арқылы терминологияны меңгеру.

Пән мұғалімі: Абдрахманова Ф.Е.

Көптіліділік бағдарламасын іске асыру мақсатында, «ҰСТАЗ» орталығымен ұйымдастырылған ағылшын тілі курсы 2017 жылы аяқтап В1 деңгейлік сертификатын алды.

2018-2019 оқу жылдарында «Химия» пәнін үш тілде оқытуды енгізу басталды.

Осы аталған оқу жылында 8-сыныпта химия сабағы үш тілді кіріктіріп жүргізілді. Бұл бағдарлама оқу процесінде енді басталып келе жатқанда, басқа қалалық мектеп мұғалімдерімен үнемі байланыс болды.

Химия пәнін ағылшын тілін оқытуда басты мақсат, химия ілімінің басты ұғымдары мен терминдерін оқушыларға түсіндіру, меңгерту. Химия ағылшын тілінде мазмұны жағынанан, қазақ тіліндегі Химия оқулығы мазмұнына сәйкес.

Сабақтарда «CLIL» технология элементтерінің көмегі зор.

Сабақтар Астана-кітап баспасы «Chemistry9 Grade», «Chemistry 10 Grade» оқулықтары арқылы өткізіледі. Авторлар: Kanat Baikenov, Olzhas Yussupov, Nurbolat Zhumagulov, Temirlan Khassen, Abylay Samatov, Dauren Kaliyev, Ali Tor. Сынып: 10. Жылы: 2019.

Бағдарлама НЗМ Химия пәнінің мұғалімдер бірлестігімен 2015 жылы құрастырылған.

Жалпы қорытындылай келгенде, ЖМБ пәндердің ағылшын тілінде оқыту жоғарғы сынып оқушыларына IELTS тапсыруға ықпал етеді. 2022-

2023 оқу жылында EILTS сертификаттарына - 18 оқушы, 2024 оқу жылында 21 оқушы ие болды.

Аралық аттестаттауды талдау

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 35 тармағы (2023 жылғы 14 шілдедегі № 208 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен) негізінде, 2024 жылдың 12 сәуіріндегі №5 педагогикалық кеңесінің қаулысы негізінде 27-31 мамыр аралығында «Қазақ тілі» пәнінен емтихан өткізілді.

Емтиханның мақсат-міндеттері:

-білім алушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

- білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығын бағалау;

- функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

Аралық емтихан сараптамасы SWOT талдау арқылы жасалды. Емтиханға қатысқан оқушылар саны - 303.

Күшті жақтары: «5»-ке тапсырғандар 138 білім алушы, ол 45,5 % -ды құрайды. Ең көп «5»-ке тапсырған сыныптар:

5«А»-16 – пән мұғалімі Кабылова А.М.;

5«Ә»-14 – пән мұғалімі Кабылова А.М.;

8«Ә» -14 – пән мұғалімі Кабылова А.М.;

10«Ә»-14 – пән мұғалімі Сырттанова А.Т.;

10«А»-12 - пән мұғалімі Кабылова А.М.

Мүмкіндіктері: «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының артуы.

Кемшіліктері: «3»-ке тапсырған 35 білім алушы, ол 11,6 % -ды құрайды. Ең көп «3»-ке тапсырған сыныптар:

8 «А» - 6, пән мұғалімі Шаймерденова А.Т.;

7«Ә» - 6, пән мұғалімі Кабылова А.М.;

7«Б» - 5, пән мұғалімі Шаймерденова А.Т.;

6«Ә» - 4, пән мұғалімі Сырттанова А.Т.

Соның ішінде 14 білім алушының қорытынды бағасы- «3».

Қауіпті жақтары: Сөйлесім әрекетінің жазылым тапсырмасы 30 балдың 18 балымен бағаланды. Білім алушылардың басым көпшілігіне тіл шұбарлығы, ой таяздылығы, әдеби тілдік норманы сақтай алмауы, сондай-ақ сөз саптаулары мен өзіндік пайым-түсініктерін негіздей алмауы себепті эссе жазу қиынға түсті.

Қорыта келе, білім алушылардың емтиханды орындау сапасы 90% құрады.

Мәселе: Қазақ тілі бойынша аралық аттестаттау қорытындысы бойынша жылдық бағалармен салыстырғанда оқушылардың білім сапасы төмендеді. Оқу жылын «3»-ке аяқтаған 10 оқушының саны 18-ге дейін көбейді.



Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	динамика	2024-2025 оқу жылы (үміткерлер)	Динамикасы
Түлектер	47	42		43	
Білім сапасы %-бен	98%	100%	+2%	100%	-
Үздік аттестат	7	9	+2	18	+9
Алтын белгі	6	5	-1	2	-3

2022-2023 оқу жылының соңында 11-сынып түлектерінің арасында үздік аттестат иегерлеріне қойылатын талаптар ОАМ бұйрығы негізінде өзгертілді, сол себептен саны да азайды. Білім сапасының 98% болуы 11 «Б» сынып оқушысы Серикова Аружан алгебра пәнінен «3»-ке қорытылды, пән мұғалімі Ахшалова Д.К.

2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелері (11 сыныптар)

Сынып/ Оқушылар саны	пән	Оқу жылының қорытындысы		Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі		% жылдық бағадан төмен	% жылдық бағадан жоғары
		Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа		
11 «А» 16 оқушы	Қазақ тілі	100%		100%		-	-
	Алгебра	100%		100%		-	-
	Қазақстан тарихы	100%		100%		-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%		100%		-	-
	Дүниежүзі тарихы	100%		100%			
	Физика	100%		100%			
	География	100%		100%			

11 «Ә» 14 оқушы	Қазақ тілі	100%		100%		-	-
	Алгебра	100%		100%		-	-
	Қазақстан тарихы	100%		100%		-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%		100%		-	-
	Дүниежүзі тарихы	100%		100%			
	География	100%		100%			
	Ағылшын тілі	100%		100%			
	Химия	100%		100%			
	Биология	100%		100%			
11 «Б» 17 оқушы	Қазақ тілі	100%		100%		-	-
	Алгебра	100%		100%		-	-
	Қазақстан тарихы	100%		100%		-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%		100%		-	-
	Информатика	100%		100%		-	-
Барлығы	47 оқушы	100%		100%			

Қорытынды аттестатту нәтижесінде оқушылардың жылдық бағаларымен емтихан бағалары салыстырылды. 11 «Б» сынып оқушылары барлық пәндерден жылдық көрсеткіштерін растады. Бірақ алгебра пәнінен оқушылардың емтихан нәтижелері жылдық бағаларынан төмен көрсетілді: 11 «А» сыныпта -5% төмен болса, 11 «Ә» сыныпта 19%-ға төмен. Сол нәтижеде емтихан бағасы жылдық бағадан -24% көрсетіп тұр. Басқа пәндерден білім алушылар жылдық «5» бағаларын емтиханда растады.

2023-2024 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелері (11 сыныптар)

Сынып/ Оқушылар саны	пән	Оқу жылының қорытындысы		Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі		% жылдық бағадан төмен	% жылдық бағадан жоғары
		Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа		
11 «А» 24 оқушы	Қазақ тілі	100%	100	100%	100	-	-
	Алгебра	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақстан тарихы	100%	100	100%	92	2	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	100	-	-
	Құқық негіздері (1 оқушы)	100%	100	100%	0	1	-
	Физика (6 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	География (6 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-

	Информатика (11 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
11 «Ә» 18 оқушы	Қазақ тілі	100%	100	100%	100	-	-
	Алгебра	100%	100	100%	94,4	1	-
	Қазақстан тарихы	100%	100	100%	100	-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	100	-	-
	Дүниежүзі тарихы (7 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	География (1 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Ағылшын тілі (2 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Химия (2 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Биология (3 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Құқық негіздері (1 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақ әдебиеті (1 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Геометрия (1 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
Барлығы	42 оқушы	100%	100	100%	93	-	-

Қорытынды аттестатту нәтижесінде оқушылардың жылдық бағаларымен емтихан бағалары салыстырылды.

11 «А» сынып оқушылары қазақ тілі, алгебра, орыс тілі мен әдебиеті, физика, география және информатика пәндерінен жылдық көрсеткіштерін растады. Бірақ Қазақстан тарихы пәнінен 2 оқушы (Бәкіжан Қуаныш, Қалым Дастан) емтихан нәтижелерін жылдық бағаларынан төмен көрсетті. Таңдау бойынша «Құқық негіздері» пәнін тапсырған Қалым Дастан емтиханды «3»-ке тапсырды. Пән мұғалімі Итемгенов Б.У.

11 «Ә» сынып білім алушыларының емтихан нәтижелері алгебра пәнінен басқа пәндерден жылдық бағаға сәйкес. Алгебра пәнінен 1 оқушы жылдық бағасы «4», ал емтиханды «3»-ке тапсырған - Сержан Аружан, пән мұғалімі Омарова К.О.

Емтихан бағалары мектеп бойынша білім сапасының жылдық көрсеткіштерін төмендеткен жоқ.

2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелері (9 сыныптар)

Сынып/ Оқушылар саны	пән	Оқу жылының қорытындысы	Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі	% жылдық бағадан	% жылдық бағадан
-------------------------	-----	-------------------------	-----------------------------------	------------------	------------------

		Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	төмен	жоғары
9 «А» 21 оқушы	Қазақ тілі	100%		100%		-	-
	Алгебра	100%		100%			-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%		100%			-
	Қазақстан тарихы	100%		100%			-
	Геометрия	100%		100%			
	Ағылшын тілі	100%		100%			-
9 «Ә» 23 оқушы	Қазақ тілі	100%		100%			-
	Алгебра	100%		100%			-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%		100%			-
	Қазақстан тарихы	100%		100%			-
	Геометрия	100%		100%			
	Ағылшын тілі	100%		100%			-
	Биология	100%		100%			-
Барлығы	44 оқушы	100%		100%			

9 «А» сыныбында алгебра және геометрия пәндерінен жылдық бағаларын растамаған 2 оқушы, мұғалім Кабыш Г.О.

9 «Ә» сыныбының қорытынды аттестаттау бағалары өте төмен: 13 оқушы «3»-ке орындады. Жылдық көрсеткіштен 35%-ға төмендеді. Оның ішінде, 6 оқушы 1-топ – мұғалім Ахшарова Д.К., 7 оқушы 2-топ – мұғалім Омарова К.О. Геометрия пәнінен 1 оқушы жылдық бағасы «4», емтиханды «3»-ке тапсырды, сол себептен -4% көрсетіліп тұр. Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі жалпы 16% төмен.

2023-2024 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелері (9 сыныптар)

Сынып/ Оқушылар саны	пән	Оқу жылының қорытындысы		Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі		% жылдық бағадан төмен	% жылдық бағадан жоғары
		Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа		
9 «А» 23 оқушы	Қазақ тілі	100%	100	100%	91	2	-
	Алгебра	100%	91	100%	78	4	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	96	1	-
	Қазақстан тарихы (4 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Физика (4 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Химия (3 оқушы)	100%	100	100%	96	1	-
	Геометрия (3 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Ағылшын тілі (3 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-

	Биология (4 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	География (2 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
9 «Ә» 24 оқушы	Қазақ тілі	100%	96	100%	79	4	-
	Алгебра	100%	92	100%	75	4	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	96	100%	92	1	-
	Қазақстан тарихы (6 оқушы)	100%	96	100%	92	1	-
	Биология (3 оқушы)	100%	96	100%	96	-	-
	География (1 оқушы)	100%	96	100%	96	-	-
	Геометрия (7 оқушы)	100%	92	100%	92	-	-
	Ағылшын тілі (7 оқушы)	100%	96	100%	96	-	-
Барлық	47 оқушы	100%	85	100%	81		

9 «А» сыныбында қазақ тілі пәнінен қорытынды аттестаттау нәтижесі жылдық сападан 9%-ға төмен, себебі 2 оқушы емтиханды «3»-ке тапсырды (пән мұғалімі Кабылова А.М.). Алгебра пәнінен 4 оқушының емтихан бағасы жылдық бағадан төмен: 1-топтан Қайрекеш Алимхан (пән мұғалімі Текенов А.А.); 2-топтан 3 оқушы – Алиакпарова Д., Нуркенов Д., Оразтай А. (пән мұғалімі Смагулова С.С.). Орыс тілі мен әдебиеті және химия пәндерінен жылдық бағадан төмен орындаған Қайрекеш Алимхан (пән мұғалімдері Жанғазы Г.С., Қалым Г.М.).

9 «Ә» сыныбының 4 оқушысының қорытынды аттестаттау бағалары жылдық бағадан төмен, сол себептен білім сапасы да кері динамика көрсетіп тұр. Мемлекеттік емтиханды «3»-ке тапсырған оқушылар: Каримов Алихан, қаратай Ералы, Сабыр Аяулым, Каримов Алишер және Токпаева Фатима (пән мұғалімі Сырттанова А.Т.). Орыс тілі мен әдебиетінен, Қазақстан тарихы пәнінен жылдық бағадан төмен көрсеткіш Қаратай Ералыда.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысын іске асыру

2022-2023 оқу жылында өткізілген тәрбиелік іс – шараларды талдау

Мақсаты:

1. Оқу жылында өткізілген тәрбие іс – шараларына 8 бағыт бойынша талдау жасау.

2. 2022-2023 оқу жылында енгізілген жаңалықтардың, өзгерістердің тәрбиелік мәнін айқындау.

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі Қазақстан Республикасының келесі Заңдары, тұжырымдамалары мен бағдарламалары бойынша іске асырылады:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

2.«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

3.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

4.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

5.«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;

6.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

7.Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

8.«Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

9.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

10.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген;

11.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» (08.05.2009ж),

12.Қазақстан Республикасының «Саламатты Қазақстан» денсаулықты дамыту бағдарламалары және т.б. құқықтық құжаттарды тәрбие үдерісінде басшылыққа алады.

13. 2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектептің тәрбие жұмысының **мақсаты** білім беруді модернизациялау жағдайында, заман талабына сай, кез келген ортада бейімделе алатын тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер: оқушыларды құбылмалы ортаға бейімделе алуына үйрету, көмектесу; оқушылар бойында проблеманы шешу, әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау, өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеттерін дамытуға жағдай жасау; ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбилеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Өткен оқу жылының тәрбие жұмысына жылдық талдау жасалынды, проблемалар айқындалып оларды шешу мақсатында шаралар жоспарланып іске асырылды.

Мектептің жылдық тәрбие жоспарында **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, оқушылардың бос уақытын қамту, оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарын іске асыруға бағытталған шаралар жоспарланды.**

Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларында тәрбие бағыттары бойынша шаралар жоспарланып, тоқсан сайын өткізілген шараларға талдау жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілерінің қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес іске асырылды.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамту, құқық бұзушылық, жарақаттану, суицидтің алдын алу, буллинг, кибер буллинг, бос уақыттарының қамтылуы, 9-11 сынып түлектерінің оқуға және еңбекке орналасуы, СӨС қалыптастыру жұмыстарының жүргізілуі МІБ жоспармен сәйкес педагогикалық кеңес, директор жанындағы жиналыс пен сынып жетекшілер әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қаралып отырды.

2022-2023 оқу жылында да мектептің тәрбие үдерісіне НЗМ іс тәжірибесінен енгізілген жобалар тиімді қолданылуда.«Флешмоб», «Ақпараттық жиындар», «Кітаппен сырласу», «Туған жерге тағзым», «Рейтинг», жобалары.

«Рейтинг» жобасы бойынша сынып жетекшілер сынып белсенділерімен бірге сыныптың рейтингілік картасын толтырып тапсырып отырды. Оқушылардың алған рейтингісі «Біржола, мәңгілік жеңіске жетуге болмайды, күн сайын жеңіске жетіп отыру қажет» деген арнайы стендте көрсетіліп, жылдың аяғында жеңімпаздар анықталды. Рейтинг нәтижесі бойынша «Ең үздік сынып» анықталады.

Мектебімізде өскелең ұрпақты белсенді **патриоттыққа тәрбиелеу**, отаншылдық рухын, патриоттық сезімдерін нығайту мақсатында жыл бойында тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіледі. Мектеп оқушылары әскери-патриоттық бағытында өткізілген облыстық сайыстарға белсенді қатысты. Оқу жылында елімізде айтулы мерекелер көп болды, соның бірі

25-қазан Республика күні. Мектеп оқушылары мен ұжымы мерекеге байланысты ән ұран айтылды.

М.М.Катаев атындағы оқушылар сарайының ұйымдастырылуымен өтетін «Менің -туым менің мақтанышым!» атты сайысқа қатысып, ту суретін мектеп ауласына бейнеледі.

7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне орай төменгі сынып оқушылары бейнероликтер әзірледі. Әр сынып өздерінің сыныптағы ұлдарын «Отан қорғаушылар» күнімен ерекше құттықтаулар әзірледі. Сонымен қатар 7-10 сынып арасында «Жігіт сұлтаны» сайысы ұйымдастырылды.

Мектептің АӘД мұғалімі А.В.Шоканов ұйымдастыруымен "Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» атты саптық шеру байқауы өткізілді. Бұл іс-шара оқушылар бойында елге,отанға деген патриоттық сезімді күшейту мен әскери тәртіпті насихаттау барысында өткізілді. Саптық шеру арқылы елімізді қорғауға, еліміздің егемендігін бағалау керектігін ұғынды.

Алғашқы әскери дайындық мұғалімі «Өрт кезіндегі мұғалімнің іс – әрекеті» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, нұсқаулықтармен таныстырып өтті.

Сонымен қатар, өрт кезінде алғашқы алғы шарттарын практика жүзінде түсіндіру негізінде эвокуциялық іс-шара өткізілді. Кемшіліктер мен ұмысынстар зерделеніп, жоспарға келесі эвокуация күні бекітілді.

20.09.2022 жылы мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының президентінің сайлауы өтті. Сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдері толық қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша Анарбеков Ернар 230 дауыс - 58,4% жинап мектеп президенті болып сайланды.

25-қазан Республика күніне орай 5-11- сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне сай елжандылық тақырыбына диктант жазды. Мақсаты: мәтін мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіре отырып, патриоттық тәрбие беру. Мемлекеттік тілде жазу мәдениетін дамытып, сауаттылығын қалыптастыру.

«Парасаттылық – жастар көзімен» акциясына 7-10 сынып оқушылары бейнеролик жасады.

Республика күні мерекесі қарсаңында 5 оқушымыз «Тәуелсіздік ұланы» атты облыстық сайысқа қатысып сертификат және ақшалай сыйлық ұтып алды.

5- сынып оқушыларын «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» өңірлік қоғамдық бірлестігі қатарына салтанатты түрде қабылданды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төс белгілерін тағу 30 "Ең үздік оқушы" мен мектебіміздің президенті және оның командасына берілді.

Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасының ұйымдастырылуымен " Құқық бұзушылықтың алдын алуға және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз,панасыз қалуына жол бермеуге бағытталған" " Заңды сақтайтын азамат" жобасы кезінде Е.Ж.Калкамбековпен кездесулер ұйымдасрылды.

Қазақстанның барлық аймақтарынан дарынды ұл-қыздарды іздеп, олардың бойында жауапкершілік, қайсарлық, мақсатқа жету сынды қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында «Елбасы Медалі» жобасы жарияланған болатын. «Елбасы Медалі» - жастарды кешенді дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі бағдарлама. Ол - спорт, таланттар мен дағдылар, кітап оқу, Ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы бағыттарын қамтиды. Бағдарламаға 14-29 жас аралығындағы қазақстандықтар қатысып, сынға түсуге мүмкіндік алады. Мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі И.К.Жанабек алтын медаль иегері. Оқушы Макеева Айжаналтыг медаль иегері. Жобаның күміс медаль иегерлері:

1. Жумагулова Азиза – студент.

2. Аманжол Дария.

Жобаның үшінші легінде қатысқан оқушыларымыз қола медаль иегері атанды.

Олар:

1. Абрахманова Айсара.

2. Қадырхан Адина.

3. Нурмакина Адель

4. Дүйсекен Арайлым

5. нурхиса Фарида

6. Майдан Ирадат

7. Қосбармақова Адия

8. Амантай Сабина

"Тәуелсіздік тұғырым!" Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Желтоқсан құрбандары мәңгі есімізде" атты челленджі де қарқынды жүргізілді.

Республика күніне арналған іс-шара толығымен ұйымдастырылды, сынып сағаттары барлық сыныпта өткізілді және мерекемізге арналған шағын концерт тамашаланды.

Қазақстан Республикасында 130- дан астам ұлттар өмір сүреді. Әр халықтың тілі қайнар судың тұнбасындай мөлдір, сазды дыбыстарға бай, ұлттың тілі, әні, үні болып шалқар дариядай шалқуда.

Тіл күдіретін, қасиетін бағалауды мақсат тұтқан «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» онкүндігі жоғары деңгейде өтті. Бір айға іс-шаралар жоспарланып, қашықтықтан түрлі форматта сайыстар мен қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мектепте рухани-адамгершілік, эстетика бағыттары бойынша тәрбие жұмыс жүйесі қалыптасқан. Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтар, өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен қазақстандық қоғаммен келісіліп отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

«Қайырылымдылық жасау- ізгі қасиет», - демекші мектептің тәрбие жүйесінде оқушы бойына осы қасиетті қалыптастыру жұмыстарына ерекше мән беріледі. Жыл бойы мектепте «Жүректен-жүрекке» акциясы жүргізілген

болатын жәнеде «Жақсылық акциясының» жоспары негізінде мектеп ұжымы мен ата-аналар, оқушылар тарапынан Екібастұз қаласының тұрғандарына , отбасыларына әлеуметтік көмек көрсетілді. Оқушылардың **мәдени-рухани** дамуына өз үлесін қосатын облыстық Абай, Мағжан, Мұқағали, Махамбет оқулары , т.б байқаулар. Бұл сайыстарда оқушылардың жүлделі орындар алулары рухани тұрғыда дамығанын көрсетеді. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын жүзеге асыру мақсатында өнегелі ісімен өшпестей із қалдырған тарихи тұлға Шоң би Едігеұлының облыстық оқуларында «Жас Дарын» мектеп-лицейінің 3 оқушысы жүлделі орынды иеленді: 9- сынып оқушысы Макаров М. 2- орын ; 10- сынып оқушысы Қосбармакова А. 3 – орын. 2023 жылдың 5 сәуір күні дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаты негізінде 8-11 сынып оқушыларының арасында республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» облыстық кезеңі өткізілді. «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген» бағытында II орынға 9-сынып оқушысы Макаров Муслим және «Білімді зерек адамболам!» - десең...» (эссе жазу) бағытында 10-сынып оқушысы Абигерова Дамиля ие болды. «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы республикалық «Әбіш оқулары» байқауының облыстық кезеңін өткізді. Облыстық «Әбіш оқулары» байқауының жүлдегерлері: «Иллюстрациядыө сурет» бағытында жүлдегер атанған – Сұртай Аяжан, I дәрежелі дипломмен «Шығармашылық жұмыс» бағытында жүлдеі орынға ие болды.

Мұғалімдер күніне орай әр сынып бейнеқұттықтау әзірлеп, мерекелік ән-би, өлең жолдарын және челленджерін жолдады. "Ұстазға құрмет – ұлылықтың бастауы!" - атты 10 күндігі өтті. Әр сынып оқушылары мұғалімдерге өз бейне құттықтауларын тарту етті. 11- сынып оқушылары керемет концер пен «Дублер күні» атты іс-шара өткізілді.

1-Мамыр күніне орай «Бейбітшілік - ел тілегі» бірыңғай сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 5-6 сыныптар арасында фестиваль өтті.

Күзгі, қысқы, демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында сынып жетекешілері арнайы жоспар құрып, іске асырды. «Туған елге тағзым» жобасы аясында мектебіміздің 7 «а», 8 «а» сынып оқушылары Бурабай сауықтыру орталығына саяхатқа барып қайтты.

Қарттар күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекөз қарияларымыздың орны ерекше. Мектеп оқушылары ата-әжелерін құттықтап, әндер, өлең жолдарын, суреттерін және фотоколлаж, бейне құттықтау жолдады. Сонымен қатар мектеп Ардагерлерін құттықтады.

Отбасылық тәрбие бойынша ата - аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру басты мақсат болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу негізінде мектебімізде келесі іс-шаралар жоспарланып, өткізілді:

10.09.2022 оқу жылында ата-аналар мен ұстаздар, оқушылар «Денсаулық күні» салауатты өмір салтын насихаттау ойынша табиғат аясынла демалып келді.

Отбасы күніне орай онкүндік және отбасы айлығы жоспарланып, оқушылардың және ата-аналардың белсенді қатысуымен аталып өтті.

5-6 сынып оқушылары өздерінің отбасылары жайлы бейне роликтер түсіріп, отбасы құндылығын дәріптеді.

"Отбасылық шеберхана" - қыздарымыз аналарымен, әжелерімен және ұлдарымыз әкелерімен, аталарымен қолөнер бұйымдарын жасады.

Оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен "Менің отбасым" облыстық бейнероликтер конкурсына 5 – «Ә» сынып оқушылары қатысты.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және экологиялық мәдениетін дамыту.«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.Біздің оқушылар көркем еңбек пәні мұғалімдерімен , аналарымен, әжелерімен бірге осы мақсатты жүзеге асыруда. "ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕДІ" дейді, адам бойындағы өнер ешқашан артық етпейді, керісінше болашақта өз септігін тигізеді.Оқушылар бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында, көркем еңбек сабақтарында ас әзірлеп, түрлі ұлттық тағамдарды әзірлеп үйренуде.

Өз қолыңмен жасалған сыйлық - ең бағалы сыйлық! Біздің оқушылар өз қолдарымен сыйлық жасап, шеберлік сыныптарын көрсетті.

Табиғатқа қатысты экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған ортаны аялау сезімін тәрбиелеу мақсатында ҚР БҒМ «Дарын» РҒПО 7-11-сынып оқушылары арасында Экорепартер экологиялық конкурсытарына Тілектесова Сабина ІІ орынды иеленсе, Есбулатова Аяри белсенді қатысты. Облыстық қашықтық акциясына 5 – сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтатын болсақ, 5- «Ә» сынып оқушысы Қуат Ерасыл «Екінші өмір-екінші тыныс» номинациясында І орын иеленсе, Зейнолла Әмирхан «Автомобильсіз күн» акциясында ІІ-ші жүлделі орынды иеленді, ал «Бір күн қағазсыз» номинациясында Өмірәли Нұрай ІІ орынды жеңіп алды.

«Қоқыссыз таза табиғат» атты жалпыұлттық акциясына 5-11 сынып оқушылары белсенді қатысты.

Жоспар негізінде облыстық EcoBoom жобасы аясында мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары пластикалық қақпақтарды жинауда белсенді ат салысуда.

Эко конкурс жобасында Самал Еркенқызымен жоба дайындап Ахметова Зинира мен Бастемиев Аңсар жүлделі орындар ие болды.

2023 жылдың жаз мезгілінде мектеп ауласын көркейту жұмыстары кезекшілік кестеге сәйкес жүргізіліп отырады.

«Ағаштар-Жер планетасының өкпесі» акциясына мектеп оқушыларыда белсенді қатысты.

Облыстық ЭкоВoom жобасы аясында мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары пластикалық қақпақтарды жинауда белсенді ат салысты. Оқушылар сарайы мен «Клуб Добряков» ұйымына жиналған қақпақтар тапсырылды. Бұл жоба ұзақ мерзімді оқу жылының соңына дейін өткізіледі. Қорытындысы оқу жылының соғында шығарылады.

Мектепте экология бағыты бойынша үйірме бар. Үйірмеге 6- сыныптар қатысады. Үйірме уақытында балалар көптеген тақырыптармен танысып, білімдерін кеңейтеді. «Баламалы энергия көздері», «Жасыл энергия», «Ертіс өзенінің экологиялық проблемалары» және «Арал проблемасы» бойынша тақырыптық слайд жұмыстарын орындайды. Жұмыстарды қоғау барысында балалар арасында пікірталас туындады. Мектеп оқушылары экологиялық білімдерін арқылы көптеген сайыстарда жүлделі орындарға ие болды:

-Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Амангелді Ақерке 2 орын;

-Республикалық акцияларға белсенді қатысады.

Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Туристік-өлкетану жұмыстарын дамыту мақсатында мектеп оқушылары туған өлкемізге саяхатқа шықты. Саяхат барысында оқушылар туған өлкеміз жөнінде көптеген мәліметтер алды. Қаламызға еңбегі сіңген, дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар туралы деректермен танысып, көптеген мағлұматтарға қанық болды. Павлодар өңірі - тарихқа бай өлке екеніне көздері жетті.

«Қазақстан балалары – күзгі интерактив!» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын және бос уақытын ұйымдастыру бойынша «Қазақстан – менің Отаным» балалар суреттерінің онлайн көрмесі өтті.

Павлодар өңірінде Республика күніне орай «Тәуелсіздікке тағзым» атты облыстық ақындар айтысына мектебіміздің жас маманы Мизан Жұмали қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Шаңырақ жобасы аясында «Бауырсақтың қандай түрлерін білесіздер?» атты мастер-класс өтті.

Family Day жобасы аясында, 5 және 9 сынып қыздары пайдалы тағам дайындауды үйренді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Мақсаты: әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

2023 жылдың 7 сәуір күні М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Bala business» жобасының облыстық туры өткізілді. Өз бизнес жоспарларын 5 «Ә» сынып оқушысы Сансызбай Ілияс қорғады.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңінде «Осындай мамандық бар» номинациясы бойынша мектебіміздің 9 - «а» сынып оқушысы Сайран Момыш алғыс хатқа ие болды.

«Жер сағаты» акциясының аясында әлемнің 180-нен астам мемлекеті электр қуаты мен жарықты тура 1 сағатқа өшірді. Ондағы мақсат қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын үнемдеу мәселесіне ел назарын аудару. «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі бұл шараны қолдап, жарықты 1 сағатқа сөндірді.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» клубы кешенді жоспарға сай өз қызметін атқарып келеді. «Адал ұрпақ» клубтары «Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ мектеп комитеті жанынан «Жеті жарғы» бағыты бойынша құрылды. Мектепшілік жоспарда осы кешенді жоспарға негізделген нақтыланған күнделікті және апталық іс-шаралар жоспарланған. Ар-намыс, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік және т.б сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару мақсатында, сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына оқушылардың адалдық және құқықтық мәдениетін арттыруға арналған сұрақтар қарастырылып қосылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша балалар мен ата-аналарға кеңестер берілуде.

Агенттік дайындаған бейнероликтерді интернет-ресурстарда, оқушылар мен ата-аналар арасындағы WhatsApp чаттарында, әлеуметтік желілерде және т.б. орналастырылып таратылуда.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында да көптеген шаралар өткізілді. Денсаулықты дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында СӨС орталығы жұмысының қызыметі жоспар бойынша әртүрлі айлықтар мен акциялар арқылы іске асырылатыны анықталды. Мектеп оқушылары зиянды заттардың қолдануын алдын алу, «Тұмау мен жұқпалы вирустық аурулардың алдын алу», АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу мәселелері бойынша қалалық әр-түрлі жобаларға белсенді қатысады.

Мектеп оқушылардың 100% тамақпен қамтылған, жалпы ыстық тамақпен қамтылған оқушылар 100%. Мектеп бойынша ДБК анықтамасы негізінде дене тәрбиесінен босатылған оқушылар болғанымен, арнайы медициналық топ жоқ.

Сонымен қатар, мектепте СӨС бойынша ата-аналардың қатысуымен өткізілетін дәстүрлі «Көңілді старттар» сайысын атап өтуге болады. Биылғы оқу жылында «Отбасы айлығына», «Денсаулық фестиваліне» орай отбасылық іс-шаралар өткізілді. Әр командаға бағалы сыйлықтар беріліп, жарыстар қорытындысы бойынша мадақтамалар табысталды.

Тәрбие жұмысында салауатты өмір салтының қалыптастыру жұмыстары оқушылардың денсаулығын нығайтуда, психологиялық денсаулықты сақтау күшейтуде он жағынан танытқаны байқалды.

Мектебіміздің оқушылары Жалпы білім беру мектеп оқушылары арасындағы 52 қалалық спартакиадада тоғызқұмалақ сайысына қатысып,

жүлделі орындарды жеңіп алды. Атап айтатын болсақ, 11-«Ә» сынып оқушысы Муканов Алдияр I- орын.

Қазақстан Республикасы Республика күніне арналған Ұлттық мектеп лигасы аясында 9-11 - сынып арасындағы тоғызқұмалақ бойынша жарысында мектебіміздің командасы I- орынға ие болды.

«Бізді жеңіс біріктіреді» 2023 жылы қысқы Олимпиадаға қатысатын шаңғы спортшыларын қолдау ретінде мектебіміздің оқушылары «Ертіс» шаңғы базасына барып қайтты.

Жалпы білім беру мектеп оқушыларының 52-ші қалалық спартакиада бағдарламасында «Белая ладья» атты шахмат бойынша турнирде мектебіміздің командасы I орынды иеленді.

«Жас дарын» мамандандырылған мектебінің алғашқы директоры Г.Ж.Мукашеваның құрметіне баскетболдан 8-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік турнир өтті.

2022-2023- жылы мектебіміздің 5-7 және 9-10- сынып оқушыларына ALMAZ MEDICAS GROUP поликлиникасының профилактикалық бөлімшесінің дәрігері мен гигиенист маманы, сонымен қатар иммунолог дәрігерлері келіп дәріс оқып береді.

Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары Павлодар мектептерінің арасында футбол жарысынан 1-ші орынды жеңіп алып, республикалық жарысқа жолдама алды. Жарыс мақсаты- салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылар арасында сыйластық, ұйымшылдық қарым-қатынас орнату және дене тәрбиесіне дайындықты күшейту.

Салауатты өмір салтын насихаттау барысында дене шынықтыру мұғалімдері оқушыларды Айс аренаға коньки тебуге үнемі апарып отырады.

2022-2023 жылының жылдық жоспар бойынша бекітілген іс-шаралар толықтай орындалды:

2023 жылдың 1-наурыз «Алғыс айту күніне» орай мектеп оқушылары ардагер ұстаздарды, ұстаздарды құттықтап алғыстарын білдірді, сынып сағаттары өтті. Әр маман салаларына құттықтау бейне роликтері түсірілді. Сонымен қатар, 13-наурыз күні мектебімізге «Көрісу күнін» тойлап өтуге Б.Алтынсарин атындағы гимназия-интернаты мен №8 мектеп-лицейінің оқушыларымен ұстаздары қонақ болып кетті. Іс-шара негізінде «Бауырсақ фест» фестивалі өткізілді, келген қонақтарға домбырамен ән шашу мен мерекелік дастархан жайылды.

Жыл бойы өткізілген оффлайн және онлайн форматында ұйымдастырылған семинарлар мен вебинарларға қатысып тәжірибе жиналды.

Құқықтық тәрбие жұмысының жоспары «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын- алу туралы» Заңы негізінде құрылған.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен оны болдырмау мақсатында жылдың басында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары құрылып іске асырылды. Оқушылардың

сабаққа қатысуы күнделікті сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және ДТЖО-мен бірге қадағалауға алынады.

Құқық бағыты бойынша өткізілетін шаралар оқушылар бойында жауапкершілік, өз құқықтары мен міндеттерін білу, өздігінен дұрыс шешім қабылдай білу, әлеуметтік ортаға бейімделе білуге, балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын іске асыруға жағдай жасау, дағдыларын дамыту бағытталған.

Оқушыларға тәрбиенің ықпалы үйлестіріліп, олардың мақсатты түрде сабақтан тыс қандай да бір іспен шұғылдануы мектепте қатаң басшылыққа алынған. Ол біріншіден, сынып жетекшілерінің оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруы бойынша жұмысы. Сынып жетекші және мектеп әкімшілігі оқушыларының сабақтан тыс қандай үйірмеге немесе қандай қосымша сабаққа қатысатынын арнайы құрастырылға кесте арқылы қадағалайды. Әр оқушыға жеке «Даму картасы» жасалды. Оқушылардың жеке – дара оқу консультациялары, қызығушылығы бойынша үйірмелерге, спорттық секцияларға қатысуы, ғылыми жобалар мен олимпиадаға дайындық уақыттары, күндері, мекен – жайы мен уақыттары толықтай жазылған. Сонымен қатар, сынып жетекші, пән мұғалімдері, оқушы және ата-ананың біріккен шешімдерімен оқушының бейімділігі бойынша даму жоспары әзірленді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және құқықтық, психологиялық және консультациялық көмек көрсету мақсатында Павлодар қаласының "Жас дарын" мамандандырылған мектебінде барлық оқушылар, ата-аналар үшін сенім кабинеті жұмыс жасауда.

Оқушылар, ата-аналар және педагогтар арасында барлық сұрақтар бойынша көмек алу және сенім кабинетінің қол жетімділігін хабарлаймыз! Сенім кабинетінің жұмысына заңгер, медицина қызметкері, медиатор, әлеуметтік сала қызметкері және мектеп психологы тартылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде, мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау бойынша мектебімізде 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін **бүкіл республикалық «Мектепке жол» акциясы** өтті. Акцияның көздеген мақсаты бойынша мектебімізде аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаппай оқыту қорынан көмек көрсетілді.

Мектептің тәрбиелік іс – шаралары 1 қыркүйектен бастау алып кетті. Салтанатты жиында мектеп табалдырығын жаңадан аттаған 5- сыныптарды құттықтап, жазғы уақытта нәтижелерге жеткен оқушылар қоңырау соғу құрметіне ие болды.

Қыркүйек айының 1-2 аптасында оқушылардың жеке іс – қағаздары электрондық күнделік жүйесіне енгізілді.

Әр тоқсан аяғында тақырыптық **ата – аналар жиналыстары** өткізіліп отырды. Арнайы жоспар бойынша сынып жетекшілер мектептің жұмыс жүйесі жөнінде толық мәлімет беріп, қоңырау кестесі, оқушылардың сабақ кестесіне орай әр сыныптың оқу жүктемесі, асхана мәселесі, ас мәзірі, жыл

бойы өткізілетін түрлі сайыстар, мектеп формасы, мектептің оқу-тәрбие үрдісі туралы айтылып отырды.

Бүгінгі күннің талаптарының бірі – мектептерде **«Қамқоршылық кеңес» жұмысын ұйымдастыру**. Тамыз айында мектеп сайты арқылы «Қамқоршылық кеңесінің» мүшесі болуына өтініштер қабылданатыны жайлы хабарлама жасалған болатын. Жалпы 20 өтініш тіркелді. Кеңестің алғашқы отырысында қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Исамбаева Гульсюер Гайфуттиновна тағайындалды. Жыл бойы көптеген жұмыстар атқарылды: мектепшілік іс-шараларды, жөндеу жұмыстарын өткізу барысында демеушілерді тарту. Сонымен қатар, оқушылар дарындылығын қолдау және дамыту, көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы балаларды қолдау.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында 11- сынып оқушыларымен көптеген кездесулер өткізілді: UIB университетінің, Т.Рысқұлов атындағы университетінің, Назарбаев Университеті, С.Демирель атындағы университет, ПМУ, ПМПИ т.б. өкілдерімен.

Мамыр айында мектептің 9-11 сынып оқушылары мен ұстаздар ұжымы **сыбайластық жемқорлыққа қарсы** іс-қимыл туралы баяндаманың негізгі ережелері мен ұстанымдарын талдап өтті.

Мектеп түлектерінің оқуға түсу – түспеуіне орай сынып жетекшілері жұмыс жасап, барлық мектеп түлектерінің оқып жатқан оқу орындарына анықтама қағаздары жиналып, тапсырылды.

Мектеп мақтаныштары стендісіне әр тоқсан нәтижелері бойынша озат оқитын оқушылар фотоға түсіріліп, арнайы стендке ілінді.

Мектебіміздегі **«I LOVE JASDARYN»** қабырға тақтасы мектеп өмірінің бір қырын танытқандай. Бұл – республикалық алдыңғы қатарлы додаларда мектепті жоғарыдан таныта білген талантты да дарынды оқушылар мен оларды дайындаған ұстаздарының «Құрмет тақтасы». Тақта өзінің ерекшелігімен сүйсіндіреді.

Психологиялық қызмет

2022-2023 оқу жылың 1-тоқсанында мектепке жаңадан келген оқушылармен тренингтер мен диагностика жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың мектеп мазасыздық деңгейі айқындайтын әдістер қолданылды.

Оқушының жалпы ішкі эмоционалды жағдайы талданады, көбінесе белгілі бір мазасыздық синдромдарының (факторларының) және олардың санының болуымен анықталады.

Мазасыздықтың 8 түрі бойынша қарастырылды:

1. Мектептегі жалпы мазасыздық – бұл баланың мектеп өміріне енуінің әртүрлі формаларымен байланысты жалпы эмоционалды жағдайы.

2. Әлеуметтік стрессті сезіну – бұл баланың эмоционалды жағдайы, оның аясында оның әлеуметтік байланыстары дамиды (ең алдымен құрдастарымен).

3. Табысқа жету қажеттілігінің бұзылуы – бұл баланың табысқа жету, жоғары нәтижеге жету және т. б. қажеттіліктерін дамытуға мүмкіндік бермейтін қолайсыз психикалық фон.

4. Өзін - өзі көрсетуден қорқу – өзін-өзі ашу, өзін басқаларға көрсету, өз мүмкіндіктерін көрсету қажеттілігімен байланысты жағдайлардың теріс эмоционалды тәжірибесі.

5. Білімді тексеру жағдайынан қорқу – теріс көзқарас және білімді, жетістіктерді, мүмкіндіктерді тексеру жағдайларында (әсіресе көпшілік алдында) алаңдаушылық.

6. Өзгелердің үміттерін қанағаттандырмаудан қорқу – басқалардың нәтижелерін, іс-әрекеттерін және ойларын бағалаудағы маңыздылығына назар аудару, басқаларға берілген бағалар туралы алаңдаушылық, теріс бағалауды күту.

7. Стреске физиологиялық қарсылықтың төмендігі – баланың стресстік жағдайларға бейімделуін төмендететін, қоршаған ортаның алаңдаушылық факторына жеткіліксіз, деструктивті реакция ықтималдығын арттыратын психофизиологиялық ұйымның ерекшеліктері.

8. Мұғалімдермен қарым – қатынастағы проблемалар мен қорқыныш-бұл баланың білім алу сәттілігін төмендететін мектептегі ересектермен қарым-қатынастың жалпы жағымсыз эмоционалды негізі.

Әдістеменің қорытындысы бойынша анықталды:

- 5 «А» сыныбында мазасыздық деңгейі мен бейімделуінде қындықтары бар оқушылар: Қақабаев Нұралі, Куркебаев Ерасыл

- 5 «Ә» сыныбында мазасыздық деңгейі мен бейімделуінде қындықтары бар оқушылар: Биғазы Аяжан, Каиржан З, Куат И.

- 5 «Б» сыныбында мазасыздық деңгейі мен бейімделуінде қындықтары бар оқушылар: Ғайнолла Г, Жумагельді М.

Осы аталған білім алушыларды бақылауға алып, жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жалғастыру.

Білім алушылар, олардың ата-аналарының өтініштерінде, сондай-ақ басқа да азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін ескеріп оқушыға кеңес беру. Сынып жетекшісі және ата-аналарға оқушының бейімделуін максималды түрде комфортты өтуіне ықпал жасауы үшін кеңестер мен ұсыныстар беру.

2022-2023 оқу жылының қазан айында суицид түсінігі қазіргі таңда бәрімізге белгілі ашық айтылуы керек мәселелердің бірі қозғалды. Көбіне суицидтік мінез – құлық жасөспірімдерде байқалады. Бұл құбылыс жасөспірімдердің жас ерекшеліктерімен байланысты келеді.

Осыған орай, мектеп мұғалімдері және қызметкерлеріне, оқушылар мен ата-аналарына БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ППЖП РҒПО «Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығымен» серіктестікте ҚР ДСӘДМ, ҚР БҒМ және ҚР ІІМ

бірлескен бұйрығы шеңберінде дайындалған «Суицид превенциясы» бағдарласымен таныстырылды.

Суицид әрекеттерінің алдын алу бағдарламасы мектептердің 8-10 сыныптары оқушыларына арналып, 3 түрлі шаралар арқылы жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсартуға және өзін-өзі бүлдіруші мінез-құлықтарының алдын алуына бағытталған.

Оқушылардың хабардарлығын арттыру: арнайы дайындықтан өткен психологы өткізетін және оқушылардың психикалық денсаулық туралы хабардарлығын арттыру, олардың мәселе шешу дағдыларын дамытуды және керек болған жағдайларда психологиялық көмек сұрауға ынталандыруды көздейтін үш семинардан тұратын дәріс. Үш семинар стандартты презентацияға негізделе отырып өткізілді. Әр оқушыға семинарда қарастырылған мәселелерді, соның ішінде, қалай көмек алуға болатыны туралы ақпараты жинақтайтын кітапша берілетін болады. Дәл осы ақпарат алты плакат арқылы да көрсетілді.

Ата-аналар жиналысын ұйымастырылып, оларды хабардар етіп, жасөспірімдердің өзін-өзі бүлдіруші мінез-құлықтарының алдын алуға ата-аналық жауапкершілікпен ат салысуына бағытталды.

Суицид әрекеттерінің алдын алу бағдарламасындағы құрамдас бөлімдердің бірі болып, зерттеу нысаны жасөспірімдер болатын сауалнама саналады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сай, осындай жағдайларда олардың заңды өкілдерінің келісімін алу қажет. Сонымен қатар, әр жасөспірімнің өз еркімен қатысуы өте маңызды. Сондықтан, бағдарламаны жүзеге асыру барысында сынып жетекшісі мен психолог баланың ата-анасынан немесе оның басқа заңды өкілінен келісімін алынып, екіншіден, оқушының осы сауалнамаға өз еркімен қатысуы қамтамасыз етілді.

Ата-аналардың немесе балалардың басқа да заңды өкілдерінің келісімін алу да ауызша және жазбаша түрде қамтамасыз етілді. Осылайша, бағдарлама және оның құрамдас бөлімдері бойынша ауызша түрде ақпарат беру ата-аналар жиналысында жүзеге асырылды.

Мектеп қызметкерлерін оқыту (суицид «вахтерлерін» оқыту): мектеп қызметкерлеріне арналған, жағдайы мүшкіл оқушыларды немесе өзін-өзі бүлдіруші мінез-құлық қаупі жоғары топқа жатуы ықтимал оқушыларды анықтауға және осы оқушыларды көмекке жүгінуге көндіру үшін қажетті қолдау көрсетуге семинарлар бағытталды. Мектеп қызметкерлеріне семинарда қарастырылған мәселелерінің мазмұнын жинақтайтын және ішінде қызметтер көрсететін және кеңестер беретін мекемелермен байланыс мәліметтері көрсетілген ақпараттық буклет берілді.

«Вахтер» болып адамның суицид жасау ниеттерін байқай алатын кез-келген тұлға саналады. Ең маңызды ықтимал «вахтерлер» тізіміне келесілер кіреді: мұғалімдер және мектептердің басқа қызметкерлері.

Өзіне-өзі қол салу қаупіне бейім адамдар көмекке сирек жүгінеді. Осыған қарамастан, олар өз әлсіздігін байқататын және суицид вахтерлері анықтай алатын қауіп факторлары мен мінез-құлық көрсете алады.

Сондықтан, суицид әрекеттерінің алдын алу бағдарламасын жүзеге асырудың қажетті бөлшегі болғандықтан осы вахтерлер оқытылды.

Суицидтік мінез-құлық қаупі жоғары топқа жататын оқушыларды анықтау: психологиялық стресс жағдайындағы және суицидтік мінез-құлық қаупі жоғары топқа жататын оқушыларды жасөспірімдер өзі толтыратын сауалнама.

Сауалнама нәтижелері негізінде жоғары дәрежеде суицидтік ойлары, депрессия және/немесе басқа психологиялық мәселелері бар оқушыларға мектеп психологымен сұхбаттасу (жартылай құрылымдалған сұхбат) ұсынылды. Егер осы сұхбат нәтижесінде бала қосымша көмекке мұқтаж екені анықталса, психолог оның ата-анасына хабарлап, арнайы маманға (ВОП) жүгіну қажет екеніне көндіруге тырысады.

Сауалнама нысаны кәмелетке толмаған тұлғалар болғандықтан, осы сауалнамаға қатысу туралы ақпараттық келісім олардың заңды өкілдерінен (ата-аналарынан/қамқоршыларынан) алынды, балалардың өз еркімен қатысуы мен сауалнама құпиялығы қамтамасыз етілетілді.

2022-2023 оқу жылының ағымында оқушылардың қабілеттігі мен икемділігін диагностикалау үрдісінде келесі тұжырымдамалар ескеріліп жұмыстар жүргізілді.

Баланың шығармашылық әлеуетін, оның шығармашылық қабілеттерін ашу үшін баланы сабақта бақылап отыру, келесі жайттарды атап өтеді:

- қалаған іс-әрекет түрлері, ойындар;
- шығармашылық ізденістің дербестігі (үлкендерден, басқа балалардан көмек сұрай ма, қандай көмек және қай кезеңде қажет болды);
- баланың шығармашылық үдеріске қатынасы (эмоционалды бояу, ынта);
- бастамашылық (қызмет түрін таңдауда, идеяны құруда, құралдарды таңдауда);
- шығармашылық тұжырымдаманы жүзеге асыру (толықтық, өзгерістер, хабардарлық);
- ақпарат көздерін және білдіру құралдарын пайдалану (түрлері, қалауы, әртүрлілігі, тұжырымдамаға сәйкестігі).

Дарынды балалардың сипаттамаларын талдау негізінде баланың шығармашылық әлеуетін келесі параметрлер бойынша бағалау:

1. Көптеген нәрселерге қызығушылық танытады, үнемі сұрақтар қояды;
2. Көптеген идеяларды, тапсырмаларды шешуді, сұрақтарға жауаптарды ұсынады;
3. Өз пікірін еркін айтады, кейде табанды, жігерлі түрде қорғайды;
4. Тәуекелді әрекеттерге бейім;
5. Ол бай қиялға ие; көбінесе қоғамды, заттарды, жүйелерді өзгертуге, жақсартуға алаңдайды;
6. Жақсы дамыған әзіл сезімі бар және басқаларға күлкілі болып көрінбейтін жағдайларда әзілді көреді;
7. Сұлулыққа сезімтал, заттардың эстетикалық сипаттамаларына назар аударады;

8. Конформист емес, басқалардан ерекшеленуге қорықпайды;

9. Сындалры сыни, сыни зерттеусіз авторитарлық нұсқауларды қабылдамайды.

Дигностикалау кезінде 5,7,9,10 сыныптар арасында жүргізілді:

- 5-6 сыныптарда оқушылардың таным үрдістерінің дамуын, бағыттарын зерттеу;

- 7 сынып оқушылардың зияткерлік қабілеттерін Амтхауер тестімен зерттеу;

- 8 сыныптар оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін жедел диагностикалау

- 9 сыныптарда оқушылардың қызығушылық картасы (А.Е.Голомшток әдістемесі бойынша);

- 10 сынып оқушыларының А.И. Савенков әдістемесі бойынша.

Алынған нәтижелер бойынша қортынды және талдау жасалып, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, оқушыларға және ата-аналарна ұсынастар мен кеңестер берілді.

11-сынып оқушыларынан тұлғаның қызығушылығы мен қабілетін анықтау мақсатында А.Е.Голомшток бойынша қызығушылық картасы әдістемесі Сонымен қатар, қорытынды аттестация және ҰБТ алдындағы қобалжу, үрей, қорқу деңгейлерінің төмендету мақсатында тренингтер мен жаттығулар өткізіліп отырды.

Жазғы демалысты ұйымдастыру кезінде оқушыларға ақпарат беру, алдын алу, достықты нығайту қобалжу деңгейлерін түсіру және т.б. мақсатында келесі тақырыптар, тренингтер мен жаттығулар қамтылды:

1. «Буллинг. Кибербуллинг»
2. Достық дегеніміз не?
3. Арт-терапия
4. Менің көңіл-күйім
5. «Жаңалық» ертегісі
6. «Сенің есімін»
7. Тимбилдинг
8. Миға арналған жаттығулар
9. «Нейрогимнастика»
10. Суретпен жұмыс
11. Әуедегі шарлар

Тәлімгерлік қызмет.

Білім алушылар үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытудағы көмек. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту үнемі әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектеседі. Сол себепті, мектепте «Жас ұлан» жастар мен жасөспірімдер ұйымы құрылып, жұмыс жасайды. Ұйымның көшбасшылары 8-10 сыныптар арасында оқуда үздік, қоғамдық жұмыстарға белсенді әрі жоғары жауапкершілікпен қарайтын оқушылар. Олар мектепте өтетін зияткерлік, тәрбиелік бағыттағы түрлі сайыстар мен қоғамдық

жұмыстардың ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтуіне ықпалдасады. Бұл жұмысты жыл бойы атқарған мектептің аға тәлімгері.

Барлық атқарылған шаралар мектеп сайтында және әлеуметтік парақшаларында орналастырылып отырды.

Жалпы тәрбие жүйесі бойынша атқарылаған іс-шаралар тиімді болып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Дегенмен, талдау барысында келесі оқу жылында жасалатын жұмыстар, шешілетін проблемалар да анықталды.

Қорытындылай келе:

Ағымдағы оқу жылында мектеп ұжымының ең маңызды жетістіктері:

1.Баланың жеке басының даму процесіне, оның адамгершілік, танымдық, коммуникативтік, эстетикалық, еңбек, физикалық әлеуетін қалыптастыруға педагогикалық ықпал неғұрлым тиімді болды; мектептің шығармашылық және кәсіби конкурстарға қатысуы бойынша жұмыс жанданды

2.Оқушылар мен ата-аналардың мектептің тәрбие жұмысына қанағаттануының өсуі байқалады;

3.Отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл нысандары дамуын жалғастыруда, Мысалы: ата-аналарға арналған конкурстар мен жарыстар, проблемалық мәселелерді бірлесіп талқылау

4.Тәрбие жүйесінің субъектілері болып табылатын ұйымдармен тұрақты ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жүргізілді.

Алайда тәрбие жұмысын ұйымдастыруды едәуір қиындататын бірқатар мәселелерді жоққа шығаруға болмайды.

Жыл көлемінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде кездескен проблемалар:

1. Сынып жетекшілердің бала психологиясына зейін қойып, қадағалауларының аздығы.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының толығымен жүзеге аспауы.

3. Оқушылардың сайыстарға қатысу барысында уақыттарының тапшылығы.

4. 2022-2023 оқу жылында Парламент мүшелерінің жұмысы қанағаттанарсыз болды.

5.2022-2023 өткен оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде проблемалар кездесті (тәртіп бұзушылық)

6. «Анаға қарап – қыз өссер!», «Әкелер кеңесі» жобасының жұмысбарының толығымен орындалмауы.

7. «Оқуға құштар мектеп» жобасының толығымен жүзеге аспауы.

2023-2024 оқу жылында өткізілген тәрбиелік іс – шараларды талдау

Мектептің жылдық тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде іске асырылды. Сынып жетекшілерінің жоспарларында тәрбие

бағыттары бойынша шаралар тоқсан сайын өткізілді, талдау жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілерінің қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес іске асырылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» міндеттерін негізге ала отырып ата-аналармен кешенді жұмыс ұйымдастырылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін қайта сайлап, мектепшілік бұйрықпен тізімі бектілді. Әкелер кеңесінің белсенділері биылғы жылы 20 адамға дейін артты. Әжелер-аналар кеңесі жұмысын жалғастырды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау педагогикалық орталығы ашылды. Жыл бойы ата-аналармен көптеген шаралар өтті. Солардың арасындағы өте тиімді өткен шаралар:

№	Шараны атауы	Күні	Жауапты	Қамтылған ата-аналар саны
1	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құру.	7.09.2023	ДТЖО Ж.С.Асаинова	360
2	«Сосновый бор» демалыс аймағында Денсаулық күні	17.09.2023ж	ДТЖО Ж.С.Асаинова Сынып жетекшілері	383
3	Ата-аналармен сабақтар өткізу.	Жыл бойы	Орталық мүшелері	342
4	«Экономикалық кампания» жәрмеңкесі	29.09.2023 4.05.2024	ДТЖО Ж.С.Асаинова Сынып жетекшілер «Әкелер» кеңесі	215
5	БЖБ қорытындысы бойынша мектепте ашық есік күндерін ұйымдастыру . (Ата-аналардың пән мұғалімдерімен кездесулері	Әр тоқсан сайын.	Мектеп әкімшілігі	396
6	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтары	Жыл бойы	Орталық мүшелері	396
7	«Спорт – денсаулық кепілі» ата-аналармен ұстаздар арасында волейбол жарысын өткізу.	Жыл бойы	Е.В.Сыпатаев М.Т.Ескендирова А.В.Шоканов	50
8	«Көрісу күні» мерекесіне орай шеберлік сабақтарын өткізу.	Наурыз айы	«Әжелер кеңесі» мүшелері. К.Т.Тологони	20
9	«Екі жұлдыз» ән байқауы	Наурыз айы	ДТЖО Ж.С.Асаинова Аналар және әкелер кеңесі	25

Сонымен қатар, ата-аналардың демеушілігі арқасында:

- «Түлектер форумы», «Топ жарған» марапаттау рәсімі өтті,
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен сайыс жүлдегеріне бас жүлде – велосипед сыйланды,
- Физика кабинетінде жөндеу жұмыстары өтіп, жабдықталды.
- «Адалдық дүкені» ашылды.

Сонымен қатар, 753 ата-аналардың 60% мектеп шараларына қатысудан бас тартуда. Жоғарыда аталған шараларға үнемі белсенділік танытатын ата-аналардың 40% ғана қатысып отырады.

Шешім: Іске асырылған жұмыстарды жалғастыру. Бедсенділік танытпацтын ата-аналарды мектеп өміріне тарту.

Ұлттық мұраны қастерлеуді, отаншылдықты тәрбиелеу мақсатында мектепте 10-шақты шара өткізілді және 396 оқушы қамтылды. Олардың ішінде ең тиымды шараларды атағанда:

- Әр сәрсенбі оқушылар мектеп әнұранын айтып отырды және қоңырау әуені ретінде мектеп әнұраны қойылды.
- 5-сынып оқушыларын лицейшілер қатарына қабылдау.
- Мектеп-лицеді 25 жыл аралығында тәмәмдаған оқушылар үшін «Түлектер форумы» өтті.

Сонымен қатар, сынып жетекшілердің оқушыармен осы бағыттағы тірбие жұмыстарын қайта қарастыру қажет етеді. Себебі, тәрбиелеу әңгімелерінің үлгілері жетіспейді. Әсіресе, жас мамандарға немесе сынып жетекшілікке жаңадан қойылған мұғалімдерге.

Шешімі: сынып жетекшілерінің әдістемелек бірлестігінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында өткізілетін шараларды, әңгімелесу тақырыптарды әзірлеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға міндеттелген шаралардың ішінде сынып жобалары жоғары деңгейде өткізілді.

№	Жобаның атауы	Жауапты сынып	Қамтылған оқушылар саны	Әлеуметтік желілерге жарияланым
1	«Ұлттық мұра»	5 «А»	24	0
2	«Сапалы уақыт»	5 «Ә»	24	6
3	«Менің қалам - тарихқа тұнған қала»	5 «Б»	24	1
4	«Шоппер жасаймыз!»	6 «А»	25	1
5	"Тоғызқұмалақ ойнап үйренеміз"	6 «Ә»	25	1
6	«Өсімдіктер әлемі»	6 «Б»	25	0
7	«Мектеп тарихы»	7 «А»	24	0
8	«Қарттарым-асыл қазынам»	7 «Ә»	24	0
9	«Жас Дарын мамандандырылған мектебінің тарихы стэнді» . (QR кодтармен)	7 «Б»	19	0
10	«Cooking Club»	8 «А»	24	8

11	"Мектепке тағзым" Мектебіміздің 25 жылдығына орай	8 «Ә»	24	0
12	«I help you»	9 «А»	25	0
13	«Қариясы бар үйлер-қазынасы бар үйлер»	9 «Ә»	24	1
14	«Alpha» teachers	10 «А»	23	1
15	«Мектеп тарихы»	10 «Ә»	22	4

Таңдалған тақырыптары бойынша сынып жетекшілері мен оқушылар жобаны іске асыра алды. Қызығушылық танытып, жоспарланған жұмысты уақытылы орындап, әлеуметтік желіге қорытындысын жариялап отырды.

Анықталған мәселелердің бірі оқушылармен толыққан жоба бойынша жұмыстарды ұйымдастыра алмаған сынып жетекшілерінің болуы. Атқарылған жұмысты әлеуметтік желілерде жария етілмеуі.

Шешімі: Сынып жобаларының тақырыптарын дұрыс таңдау, жоспар бойынша іске асыру.

Денсаулықты қадырлеуге, салауатты өмір мақсатында мектеп-лицейінде спорт секциялары және шығармашылық үйірмелер жұмыс жасайды. Спорт секциялары: волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, шахмат.

Шығармашылық үйірмелер: «Ақындар мектебі», «Мұрагер» клубы, дебат клубы, вокал, домбыра, қолөнер, робототехника, би.

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында 145 оқушы спортпен және үйірмелермен қамтылған. Жалпы мектеп үйірмелерімен білім алушылар 100% қамтылған.

Нәтижелер кестесі

№	Шара атауы	Жеңімпаздар саны	Жауапты
1	Қысқы спорттық бағдарлау облыстық кешенді гимназиадасы	10	М.Т.Ескендірова Е.В.Сыпатаев
2	Баскетболдан облыстық кешенді гимназиадасы	4	М.Т.Ескендірова
3	Үстел теннисі облыстық кешенді гимназиадасыны	4	Е.В.Сыпатаев
4	"Ұлттық мектеп лигасы" облыстық шахмат спартакиадасы	5	И.Қ.Жанабек
5	“Тақиялы қыз-трэндте”	2	К.Тологони
6	«Зияткер ұрпақ ел болашағы» атты пікірсайыс турнирі 2 орын	1	Н.Е.Жумадильдин
7	Облыстық дебат турнирі 3 орын	1	Н.Е.Жумадильдин

Одан басқа, «Ақындар мектебінің» 2 қатысушысы айтыста өнер көрсетті. Домбыра үйірмесінің қатысушылары мерекелік шалалар мен республикалық «Күй күмбірі» челенджіне ата-аналармен бірігіп қатысты. Би үйірмесінің қатысушылар мерекелік шалаларда және облыстық 1-маусымда өткен «Гүлдер шеруінде» биледі.

Мәселе оқуларда оқушылар ән байқауларына қатыспайды, ақындар мектебіне және айтысқа қатысатын, конкурстарға жанкүйер ретінде қолдау көрсетуге баратын балалар саны аз, тоғызқұмалақтан жетістіктердің болмауы. Оқушылардың уақыты тапшылығы және үйірмелерге қызығушылықтары төмен.

Шешу жолдары: сайыстарға қатыстыру мақсатында іріктеу жұмысын ұйымдастыру, Таланттар шоуын өткізу, сыныптар арасында турнир жасау. Оқушыларға бос уақытын тиімді қолдануына сепші болу.

Табиғатқа ұқыптылықпен қарау, қорғау және еңбекқорлыққа баулу мақсаттарын орындау барысында мектепте бөлек айта кетсек:

- Әр тоқсан сайын тазалық күндері;

- «Экобум» жобасы аясында пластикалық қақпақтарды жинап тапсыру;

- «Таза Қазақстан» науқаны аясында мектеп қызметкерлері мен әкелері кеңесінің мүшелері мектеп, оқушылар өз үйлерінің ауласы мен қаладағы саябақтар аймақтарын жинастыру;

- Жаз бойы оқушылар мектеп-лицей ауласындағы гүлдерге күтім жасап, суару шаралары өткізілді.

Мәселе оқушылар мен ата-аналардың белсенсіз қатысуы. Тек белсенді ата-аналар ғана қатысады.

Шешу: Оқушыларды ата-аналарының үлгісі арқылы ынталандыру. Белсенді оқушыларды мадақтау.

Жеке мектепшілік жобалар

	Жобалар атауы	Қамту	Нәтиже
	«Оқушыдан оқушыға»	16	«Кенжекөл ауылының балалар ауылы» тәрбиеленушілеріне арналған қайырылымдық науқаны ұйымдастырылды
	«Рейтинг»	386	«Топ жарған» марапаттау рәсімінде үздік оқушы марапатталды

Қорытындылай келе:

Ағымдағы оқу жылында мектеп ұжымының ең маңызды жетістіктері:

1.Баланың жеке басының даму процесіне, оның адамгершілік, танымдық, коммуникативтік, эстетикалық, еңбек, физикалық әлеуетін қалыптастыруға педагогикалық ықпал неғұрлым тиімді болды.

2.Оқушылар мен ата-аналардың мектептің тәрбие жұмысына қанағаттануының өсуі байқалады;

3.Отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл нысандары дамуын жалғастыруда, Мысалы: ата-аналарға арналған конкурстар мен жарыстар, проблемалық мәселелерді бірлесіп талқылау, шараларды бірлесіп өткізу және демеушілік.

4.Тәрбие жүйесінің субъектілері болып табылатын ұйымдармен тұрақты ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жүргізілді.

Алайда тәрбие жұмысын ұйымдастыруды едәуір қиындататын бірқатар мәселелерді жоққа шығаруға болмайды.

Мәселе:

1. Сынып жетекшілердің бала психологиясына зейін қойып, қадағалауларының аздығы.

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламаларының толығымен жүзеге аспауы.

3. Оқушылардың сайыстарға қатысу барысында уақыттарының тапшылығы.

4. 2023-2024 оқу жылында Парламент мүшелерінің жұмысы қанағаттанарлықсыз болды.

5. 2023-2024 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде проблемалар кездесті (тәртіп бұзушылық)

6. Мектегі үйірмелердің жұмысы қанағаттанарлықсыз болды. Жетістіктердің тек спорттық үйірмелер тарапынан ғана болды.

Шешу жолдары:

«5-минуттық оқу», «Рейтинг», «Ақпараттық жиындар», «Флешмоб», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын жалғастыру.

Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жұмысын жаңартып арттыру.

Психологиялық-педагогикалық ағарту және оқу-тәрбие үдерісін сүйемелдеу бойынша мұғалімдер мен ата-аналардың біріккен жұмысын семинарлар, тренингтар және т.с. жұмыстар арқылы белсендету.

«Даму картасы» жобасы бойынша жұмыстарды арттыру.

Кәсіптік бейімделу бойынша жоғары сынып оқушыларымен жұмысты, олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және бейімдерін анықтай отыра белсендету (психологиялық зерттеулер жүргізу, НУ түсуді жетелеу).

2023-2024 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде кездескен проблемалардың нәтижесінде «Әкелер кеңесі» жобасын күшейту, жалғастыру.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымының жұмысын жаңарту.

«Аналар, әжелер клубы» жобасын күшейту.

Әлеуметтік жобаларды (балалар үйімен, карттар) жалғастыру

«Математиктер тақтасы», «Spikin club», «Дебат» жобаларын жалғастыру.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын толық іске асырып отыру.

«Анаға қарап – қыз өссер!», «Әкелер кеңесі» жобасының жұмыстарын күшейту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жалғастыру.

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы тәрбие жұмысының талдауы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

• Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

• Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

• Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

• Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

• Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Әр айдың іс-шаралары

Қыркүйек - Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы:

- Отбасы күніне орай оқушылардың арасында «Менің отбасы» бейнероликтер челенджі өтті;

- «Жақсылық жаса» пластикалық қақпақшаларды жинау акциясы;

- “Біздің мектеп буллингке қарсы!” республикалық флешмобы өтті.

- 2024-2025 оқу жылына мектепшілік өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлауы өтті.

Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы:

- 1 – қазан күні қарттар күніне орай “Қарттарым-асыл қазынам” атты шағын концерт ұйымдастырылды;

- Ұл балалардың тәртібін, жүріс-тұрысын, мінез-құлықтарының жағымды қалыптасуына ықпал ету мақсатында мектебіміздің 5-7-сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді;

- Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» өтті;

- 8-9 қазан күндері оқушылар күзгі кроссқа қатысты. Оқушылар 500-1000 метр және 60 метр жылдамдыққа жүгірді;

- Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында “Өзін-өзі” басқару ұйымының президентінің сайланды;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес ел ауқымында Халық қаһарманы Р.Қ. Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойын мерекелеуге арналған іс-шаралар кешені өткізілді;

- Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық мерейтойы аталып өтті. Осыған орай 8 – сыныптар арасында атақты жерлесіміздің өмірі мен шығармашылығын бойынша сайысы өткізілді;

- Өзін-өзі басқару ұйымы президентін ұлықтау рәсімі өтті;

- 25 қазан — Республика күніне орай мектеп-лицейінің 5-сынып оқушылары “Мен қазақтың баласы” әнін орындады;

- өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 5-6-сынып оқушыларымен “Менің Республикам” атты викториналық ойын өткізді;

Қараша – Әділдік және Жауапкершілік айы:

- Мамандандырылған мектептер арасындағы өзін-өзі басқару ұйымы көшбасшыларының форумы өтті.

- Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша мектеп-лицейімізде 5-8 сыныптарда «Энергия үнемдеу экономикасы», 9-11 сыныптарда «Энергия үнемдеу саласындағы инновациялық технологиялар» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

- Сарапшылармен бірге “Буллинг” атты қысқаметражды фильмді талқылап, оның психологиялық және әлеуметтік әсерлері жайлы айтылды.

- 0-11 сынып оқушылары арасында Павлодар облысы Прокуратура басқармасының аға прокуроры С.С. Жакубаева “Есірткі қылмыстарының алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл” тақырыбында профилактикалық дәріс өткізді.

- I тоқсан қорытындысы бойынша әр сыныптан ең үздік, шығармашыл, тәртіпті, белсенді оқушылар анықталды.

Желтоқсан – Бірлік және Ынтымақ айы:

- ChocoDay өткізілді;

- Әжелер мен қыздар арасында ұрпақтармен тәжірибе алмасу мен құндылықтарды насихаттауға арналған дөңгелек үстел өтті;

- “Өркен” балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» флешмобы өтті;

- 2024 жылғы 25 қараша - 10 желтоқсан аралығында «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік» республикалық акциясы аясында сынып сағаттары өтті;

- “Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік” республикалық акциясы аясында лицей психологы “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында 8-“ә” сынып оқушыларымен шеберлік сағатын өткізді;

- “Зорлық-зомбылықсыз отбасы” тақырыбында сурет сайысын өткізді. Үздік суреттер марапатталды;

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 9-сыныптар арасында “Технологиялық даму адамгершілік құндылықтарды жояды” тақырыбында WSDC-форматта дебат турнирі өтті;

- Тәуелсіздік күніне орай лицейде сынып сағаттары өтті;

- Кітапханада “Тәуелсіз ел бақытты” тақырыбында желтоқсан оқиғасына бейнефильм көрсетіліп соңында сұрақ жауап арқылы талқыланды;

- 5-сыныптар арасында «Біз тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты спорттық сайыс өтті;

- Тәуелсіздік күніне орай 8 сыныптар арасында интеллектуалды ойын өткізілді;

- Жаңа жылдық мерекелер өтті

Күнделікті:

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. көбінесе демалыс кезінде жүзеге асырылды.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. Әр бейсенбі әкелер кеңесінің мүшелері 15-минуттық тәрбие жұмыстарын өткізіп отыруда.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыптылық: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірленіп, сынып сағаттары өткізілуде.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күй пайдаланылады, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдалады.

Апта сайын:

